



Мұхамед Шамсутдинов

**КӨК МЕШІТТІ
КҮМБІРЛЕТКЕН ИМАМЕДІ...**

Алматы 2012

От автора
Областной историко-
краеведческому музею

21.10.15

И.С.М.



Хасен Шамсутдинұлы
(1890-1976)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫ**

МҰХАМЕД ШАМСУТДИНОВ

**КӨК МЕШІТТІ
КҮМБІРЛЕТКЕН
ИМАМ ЕД...**

АЛМАТЫ 2013

УДК 28
ББК 86.38
Ш 22

Редакциялық алқа мүшелері:

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты Бас директоры Л. Ақтаева, мұрағат қорларын пайдалану және жариялау қызметінің жетекшісі М. Жылысбаева, Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатының директоры С. Мәлікова.

Пікір жазған: тарих ғылымының докторы, профессор М.Койгелдиев

Шамсутдинов М.

Ш 22 «*Көк мешітті күмбірлеткен имам ед...*». Құрастырып, баспаға дайындаған. Алматы, Нур-Принт, 2013 – 136 бет.

ISBN 978-601-7085-30-8

Кітап Петропавл қалалық мешітінің имамы, он жылдан астам Солтүстік Қазақстан облыстық мұсылман діни қоғамын басқарған Хасен Шамсутдинұлына арналғанымен, кітаптап имамның өмір сүрген ортасы, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі ислам діні тарихынан мол мағлұмат алуға болады. Оны баспаға даярлаған азаматтар ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат қорларынан, Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекет мұрағатынан көптеген фактілік материалдарды айшаламға тартқан.

Кітапта берілген материалдармен таныса отырып одан Петропавл қаласындағы 9 мешіт жөнінде тәп-тәуір фактілік мәліметтер алуға болады. Мәселен, қаладағы №2 “Қасым мешіті” 1795-1831 жылдары Троицкі қаласының көпесі Ахуан Янушев және Қасымов уезінен (Ресей) келген Қасымовтар қаржысына салынған екен. 1926 жылы бұл мешіт жергілікті кеңестік биліктің шешімімен алдымен темекі фабрикасына, кейіннен балық зауытына беріледі. 1991 жылы мешіт ғимараты қайтадан ғибадаткана есебінде қайтарылғанымен, пайдалануға жарамағандықтан бүгін ол көлік жөндеу станциясына айналған.

Жинақтың 67-74 беттерінде 1930-1937 жылдары “халық жауы” ретінде танылып, репрессия құрбаны болған дін қызметкерлерінің (24 адам) тізімі беріледі. Тізім орынды берілген. Өйткені ол болашақ зерттеушілер үшін өте пайдалы материал болмақ.

Қорыта айтқанда, кітап еліміздегі дін тарихын неғұрлым кең әрі терең түсінуге қызмет жасайтын еңбек. Сондықтан да оны баспадан шығару әбден сауапты іс болмақ.

**УДК 28
ББК 86.38**

ISBN 978-601-7085-30-8

© Нур-Принт, 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Тәуелсіздігіміздің 21 жылдығына қадам басқан уақытта еліміздегі 72 пайызды құрайтын мұсылмандар бірқатар оң өзгерістерге куә болып отыр. Дін насихаты жаңаша қарқын алып, асыл тұлғаларымызды танып, білуге ұмтылыстар мен нақты қадамдар жасалып жатқаны осының айғағы.

Құдайға шүкір, бүгінгі күні халықтың діни сауаты күн санап артып келеді.

Қазіргі уақытта баспалардан отандық бірқатар мазмұнды еңбектер шығып жатқаны қуантарлық. Елімізде елге жанашыр азаматтардың ізденістерінен туған еңбектер де аз емес. Олардың жарыққа шығуы қаншалықты маңызды болса, оқылуы да, халыққа түсіндірілуі де соншалықты үлкен маңызға ие. Елдің руханиятына, оның діни сауатын арттыруға сүбелі үлес қосып жүрген жас ғалымдарымыздың діни тұрғыдан білімді де білікті хәм тәжірибесінің мол болуы, ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызды жетік білуі – бүгінгі уақыт талабы. Дін мен ділімізге, елдің игілігі жолында ерінбей еңбек еткен асыл тұлғаларымызды танып, олардың тәлімін алып өскен ұрпақтың болашағы да жарқын болмақ. Тау тұлғаларымызды таныту арқылы жастарымыздың білім-біліктілігі артса екен, әрбір исі қазақ баласының ең кем дегенде осы жөнінен сауатты болса деген мақсатты көздеудеміз.

Дін ешқашан ғылымға, ізденіске қайшы келген емес. Ислам дінінің ақиқаттарын дүниелік ғылым да мойындаған. Сол себепті бүгінгі күні дін маманына басқа да ғылым салаларынан хабардар болу аса маңызды. Кеңестік қоғам оқуды, сауаттылықты жалпыға міндеттеді. Бұл дәстүр әлі де жалғасын табуда. Демек, біздің қоғам сауатты қоғам. Бұндай қоғамда дін насихатын жүргізу де асқан білімпаздықты талап етеді. Сондықтан дін насихатшыларының басқа да жаратылыс пәндерінен хабардар болуы, қоғамның күнделікті тыныс-тіршілігін бақылап отыруы маңызды. Оның берері мол.

Тарихымызға үңілер болсақ, дін саласынан сусындап, талай елді тандандырып өткен бабаларымыз өнегелі хәм салихалы өмір салтын қалыптастырып кетті.

Солардың бірегейі Хасен Шамсутдинұлы. 1890 жылы Ақмола облысы, Ерейментау жерінде дүниеге келген. Өз заманының діндар азаматының бірі болған. Ол кеңес өкіметінің өзінде халыққа асыл дінімізді насихаттап өткен. Атап айтар болсақ, Солтүстік Қазақстан облыстық қалалық мешітінде 1950 жылдан бастап он жеті жылдай имамдық қызмет атқарған. Ол қазақ халқының көрнекті тұлғалары – Мәшһүр Жүсіп Көпеев, атақты палуан Қажымұхан Мұңайтпасов, Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының төрағасы Бабаханов, Садуақас Ғылманимен бірге болып дінге қызмет еткен асыл тұлға. Оның араб, парсы, шағатай тілінде жазылған екі мыңнан астам кітаптары мен дінді уағыздау тақырыбында жазған қолжазбалары 1960 жылдары Алматыдағы орталық кітапханасына тапсырылған. Мінеки осындай үлгі тұтарлық асыл тұлғаларымызды өскелең ұрпаққа таныту әркімнің басты борышы деп ойлаймын. Тұлғаларымызды тану арқылы өзіміздің кім екенімізді білетініміз де айдан анық.

Сондықтан қолымыздағы еңбекте елімізге аянбай дін саласында тер төгіп өткен Хасен Шамсутдинұлы өнегелі өмірі жинақталған. Бұл, әрине, бабаларымыздың өміріне қаныққысы келген өзге де көпшілік қауымның пайдасына жарары сөзсіз.

Еліміздің іргесі бүтін, жұртымыз тыныш болғай!

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсап өткен сгемендікке қол жеткізгелі елімізде мәдениетімізбен қатар дініміз дамып көркеюде. Бұл жетістіктерге жетелеген тарихымыз бен оның асыл тұлғалары жайында білу – әр азаматтың борышы. Осы орайда өскелең ұрпаққа үлгі тұтарлық тұлға, киын-қыстау кезеңде дін жолында басын түрлі қатерге тігіп, асыл дініміз жойылуға шақ қалған сәтте үлкен үлес қосып, халықтың ауызбіршілігін сақтап қалған ел азаматтарының бірі Хасен Шамсутдинұлы болғанын атап көрсеткен абзал.

Кеңес өкіметі билік құрған жылдары ислам дініне қатысты қатаң саясат жүргізілгені баршаға аян. Діни қызметкерлердің аяусыз қатыгездікпен қудалануы, мешіттердің жаппай жабылуы, мұсылмандар қауымдастықтарының таратылуындағы басты мақсат дінді жою еді. Тек Ұлы Отан соғысынан кейін ғана бұл мақсаттарына жете алмайтынын түсінген Үкімет дінге деген саясатын өзгертті.

Осындай аласапыран уақытта халқының болашағы үшін өмірін қатерге тігіп, халықты рухани азықпен сусындатқан жандардың бірі – 1890 жылы қазіргі Ақмола облысы Ерейментау ауданында туған Хасен Шамсутдинов еді.

Тағдырдың жазуымен Хасен Шамсутдинов сол кездегі бүкіл Орта Азия мұсылмандарының діни орталығы болған, әркімнің-ақ қолы жете бермейтін діни оқу ордасы – Бұхарада ілім алу бақытына ие болды. Оған себепкер болған әкесі – Шамсутдин. 1898 жылы Бұхара қаласындағы Көкалдаш медресесінің ұстазы, Бұхараның соңғы әмірі Әмір-Әлімханның кеңсесінің хатшысы Сағындық қажы Шамсутдиннің үйінде қонақ болады. Сағындық қажы мен үй несі екеуі келіскеннен кейін Шамсутдиннің ұлы Хасенді Бұхараға медресеге оқуға жіберетін болды. Сөйтіп, 1898 жылы Сағындық қажы 8 жасар Хасенді атақты Көкалдаш медресесіне оқуға береді. Хасен медресенің үздік шәкірттерінің бірі болып оқиды. Аз уақытта араб тілін меңгеріп шығады. Көкалдаш медресесін 1905 жылы тәмамдап, Бұхараның жоғары діни оқу орны – «Мир-Араб» медресесіне түседі. Медресені 1915 жылы аяқтап, Сағындық қажымен бірге ұстаздық қызмет атқарады. Сондай-

ақ тарихи деректерге сүйенсек, Хасен Шамсутдиновтың тағдыр тауқыметімен басқа да қызметтер атқарғанын білеміз. Бұл кісінің имамдық жолы 1945 жылдан басталады. Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағат деректері бойынша Хасен Шамсутдинов 1945 жылдың 7-наурызында Петропавл қаласында К.Маркс көшесі, 85-үй мекенжайы бойынша ашылған облыстық мұсылмандар діни қауымының мүшесі болды. Аталған мекенжай орта жастағы қызылжарлықтардың көбіне мәлім: онда сол кезде «көк мешіт» аталып кеткен мешіт орналасқан еді. Сол көк мешітте Хасен Шамсутдинов он жеті жылын имандылық жолына жұмсаған. Сол кездегі бір жылы көп жылға татитын сондай қиын жылдарда діни салада қызмет істеу әркімнің-ақ қолынан келе бермейтіні айдан анық еді. Діни ахуалдың, соның ішінде Қызылжар өңірінің мұсылмандары қандай ауыр халде болғаны баршаға мәлім.

Қақаған қыстың қаһарынан да қатты сталиндік жүйеде діни рәсімдерді өткізу былай тұрсын, өзінің наным-сенімін ашық жариялаудың өзі қауіпті еді. Соған қарамастан ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты апаларымыз мешіттің ішінде, оған сыймағандар мешіт ауласында діни рәсімдерін өткізіп отырған. Сол кезде түскен суреттері бұған нақты дәлел бола алады.

Жоғарыда біз келтірген мысалдар қайсар тұлғаның өмірі мен қызметінің кейбір сәттері ғана. Осының өзінен-ақ Хасен атамыздың дін жолындағы жанқиярлығын, туған еліне, қазақ халқына деген жанашырлығын аңғаруға болады. Сондықтан халыққа имандылық пен мейірімділік нұрын ұялатып, тілімізді, ділімізді сақтау үшін ерен еңбек еткен ата-бабаларымызды ұмытпай, өскелең ұрпаққа асыл тұлғалардың есімдері мен еңбектерін жеткізейік, ағайын!

**ҚМДБ-ның Солтүстік Қазақстан
облысы бойынша өкіл имамы,
«Қызылжар» орталық мешітінің
бас имамы
Дүйсенбай Кенжетай қажы Байкемелұлы**

ХАСЕН ШАМСУТДИНҰЛЫНЫҢ ӨМІР ДЕРЕКТЕРІ .

Қазақ халқындағы ұрпақ пен ұрпақ арасын үнемі жалғап ұстап тұратын қымбат та ғажап дәстүрдің бірі – ата-баба аруағын өзгеше құрмет тұту, құрмет тұтқанда – есімін естен шығармай, шамасы жеткенше жадына жазып, өз білгенін өзінен кейінгі буынға үйретіп, жазып кетуге тырысу. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ұлағатты сөз осы қағидадан туындаса керек.

Қолдарыңызға тиіп отырған осы кітапты жазу да осындай ойдан шыққан.

Қазір Алматы қаласында тұрып, өзінің құрылысшы мамандығы бойынша қызмет атқарып жүрген Мұхамед Хасенұлы бүкіл бір өңірдің мұсылман діни қоғамын он жылдан астам уақыт басқарған әкесі жайлы деректерді Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан, Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатынан, Ташкент қаласындағы Өзбекстан Республикасы мұсылмандар басқармасының мұрағатынан, жеті жыл оқыған (1898-1905) Бұхара қаласындағы Көкалдаш медресесіне, он жыл оқыған (1905-1915) діни жоғары оқу орны - Мир-Араб медресесіне арнайы барып, осы оқу орындарында әкесінің оқығаны туралы құжаттар жинастырды. Әкесі жайлы білетіндерден естеліктер жинастырды, облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетіне мақалалар жаздырды.

Кеңес одағы бірінші күннен бастап барлық дінге қарсы саясат жүргізгенін жақсы білеміз. Кеңес өкіметіне дейін жұмыс істеп келе жатқан мешіттер мемлекет қарамағына алынды.

Діни адамдарды, молдаларды қуғындап, соттай бастады. Тек Ұлы Отан соғысынан кейін ғана шамасы келмейтінін сезген Үкімет дінге деген саясатын өзгертіп оң көзімен қарай бастаған.

Осы уақыттан бастап қана кітабымыздың бас кейіпкері Хасен Шамсутдинұлы Солтүстік Қазақстан облысы мұсылмандар қоғамын басқарды. Алдымен намазханашы, тексеру орнының мүшесі, одан кейін облыстық мұсылман діни қоғамының басшысы, Қызылжар қаласының бас мешіті - «Көк мешіттің» бас имамы болып 1960 жылдарға дейін қызмет атқарды.

Хасен Шамсутдинұлына дінге қарсы саясат ұстаған Кеңес өкіметі кезінде он жылдан астам облыстық мұсылман діни қо-

ғамын басқару оңайға түспеді. Аяқ алысына дейін мемлекеттік бақылауда болды.

Басын талай қатерлі іске тігіп, Солтүстік Қазақстан облысында аласапыран қиын уақытта дін уағыздау ісін басқарды. Бір өкініштісі, осынша жанкешті еңбегі ескерусіз, тарихтың бір қойнауында ұмыт қалып, атқарған істері мен қызметін айқындайтын құжаттары мұрағаттарда ғана сақталып келді. Оқырманның қолына тиіп отырған бұл кітап осындай олқылықтың орнын толтырар деген ойдамыз.

Хасен Шамсутдинұлы 1890 жылы Ақмола облысының, Ерейментау жерінде дүниеге келген. Өз кезінің діндар адамдарының бірі болған. Әкесі Шамсутдин ақсақал сегіз жасқа толар-толмас Хасенді Бұхара қаласына діни оқуға береді. Сол кезде бүкіл Орта Азия мұсылмандарының діни орталығы болған, әркімнің қолы жете бермейтін діни оқу орнында оқуға төмендегідей жағдай себеп болған.

1898 жылы Бұхара қаласындағы Көкалдаш медресесінің ұстазы, Бұхараның соңғы әмірі Әмір-Әлімханның кеңсесінің хатшысы Сағындық қажы Шамсутдиннің үйіне қонақ болып түседі. Сағындық қажы осы үйге келген беттен көзі түскен 14 жастағы Бануды қалыңдыққа берсе, Хасеннің Бұхарада оқу шығынын өзі көтеретінін білдіреді. Сонымен бүкіл қазақ еліне танымал қажыға қызын қалыңдыққа, ұлын шәкірт болуға беріп жібереді. Сөйтіп сөзіне берік Сағындық қажы 1898 жылы Хасенді атақты Көкалдаш медресесіне оқуға береді. Атақты діни адамның тәрбиесінде болған Хасен медресенің үздік шәкірттерінің бірі болып оқиды. Азғана уақыт ішінде араб тілін меңгеріп шығады. Көкалдаш медресесін 1905 жылы тәмамдаған Хасен осы Бұхарадағы жоғары діни оқу орны - Мир-Араб медресесіне оқуға түседі.

Медресені 1915 жылы үлгілі тәмамдап, Сағындық қажымен бірге ұстаздық қызмет атқарады.

1934 - 1938 жылдар аралығында Қалалық кеңестің мүшесі, 1938 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесі учаскелік комитетінің төрағасының орынбасары, орталық базарда базарком болып істеген.

Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағат деректері бойынша

1945 жылдың наурыз айының 7-де облыстық мұсылман діни қоғамы ашылады. Бұл қоғамның діни атқару комитеті Карл Маркс көшесіндегі № 83 үйдегі мешітте (кейін «Көк мешіт» атанған) болады. Хасен Шамсутдинұлы осы діни ұйымның ашылған күннен бастап мүшесі болған.

КӨК МЕШІТТІ КҮМБІРЛЕТКЕН ИМАМ ЕДІ...

Тән мен жаннан жаратылған кез келген адам баласы бұлардың екіншісі біріншісін басқарып тұратынын айтпай-ақ аңғаратыны анық. Шіркін, жай таппайтын жаныңды қарыштаған ғылым да, шарықтаған экономика да, тіпті, шалқыған мәдениет те қанағаттандыра алмайды. Өйткені, төрт түлігің сай болса да, яғни жегенің май, көңілің жай болса да, жетпей тұратын бірдеңе бар. Ол – асқазаныңды толтыратын аста, шырайыңды жандыратын асыл тас та емес, ешқандай қымбат киімге, яғни бұйымға жатпайтын рухани қорек. Рухымызды риясыз қылып, жүрегімізді жай соқтыратын, жан дүниемізді рахаттандырып, қисапсыз ләззатқа бөлейтін толыққанды рухани қорек ғибадаттан ғана табылады. Денімізге саулық, жанымызға азық, жүрегімізге ем, ақылымызға жөн, жігерімізге қуат, сезімімізге кемелдік – бәрі де ғибадатта. Басқаларға бас имес үшін орныдайтын антымыз Аллаға бас июіміз екенін, бұл, мәселен, оқитын намазымыздан көрініс табатынын білеміз бе?

Міне, осыны пайымды білудің нәтижесінде пірге қол берген пірідардың деңгейіне дейін көтерілген діндар адамдар осыдан бір ғасыр бұрын біздің қазақ арасында да ақша қар көмген шоқылар сияқты анда-мында ағарандап жүрген көрінеді. Бұл ретте қажыларымыз туралы бір дерек келтіре кетейін: I Дүниежүзілік соғысқа дейін бізді уысында ұстаған Ресей империясынан жыл сайын он мыңдай адам Мекке мен Мәдинаға барып, бесінші парыздарын өтесе, кеңестік кезеңде күллі Қазақстаннан отыз-ақ адам Қағбаны көріп қайтыпты. Қажылыққа баруына Алла нәсіп етпеген, оның есесіне бір өзі бүкіл Қызылжар намазхандарының көсемі де, шешені де болып, дүниеге келгендерге ат қойып, азан айтқан, қайтқандарының жаназасын шығарған және тіршілікте таусылмайтын басқа да дұғалардан қалмаған Хасен молда Шамсутдинов Алланың ақ жолына түскен кезі XIX ғасырдың соңы еді. Ерейментаудың топырағында дүниеге келген оның ата-бабалары сияқты дін жолына түскені де бір қызық.

1898 жылы діннің ордасы – Бұхарадан келген Сағындық қажы Хасеннің әкесінің үйіне түседі.

Ол кісі таң атқанша Құранын қирағаттаумен болады.

- Сағындық қажы, түні бойы Құран қолыңыздан түспеді ғой, - дейді үй иесі.

- Бүгін түнде Бұхарада әйелім мәңгілікке көз жұмды. Соны сезіп, түні бойы Құран оқыдым, - дейді қажы.

Әлгі қажы Хасеннің 14 жастағы Бану деген әпкесін ұнатып қалады.

Онысын болашақ қалыңдығының әкесіне былай білдіреді: «Қалың малын төлеп, Бұхараға алып кетейін».

Үйдің иесі болса ойланбастан:

- Қалың малдың орнына ұлым Хасенді Бұхараға ала кетіп, медресеге оқуға берсең, - депті.

Қалың мал берудің орнына қаршадай ұлды алған Бұхараның қажысы жаңа қайын жұртының өтінішін аяқасты етпей, Хасенді рухани мәдениеттің ең биік шыңына баланатын діннің қиясына бастайтын соқпаққа түсіреді. Діннің құзар шыңына жыландай өрмелеп, қырандай қалықтап көтерілу үшін қаршадай Хасен Ислам дінінің берік қамалы тәрізді Бұхара қаласында діни жоғары білім алады. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Діни істері жөніндегі комитеттің төрағасы О.Юсупов қол қойған анықтамада Хасен Шамсутдиновтың (Хасен ибн Шамсиддиннің) 1898-1915 жылдары Бұхарада білім алғаны расталды. Он жеті жыл бойы қайда оқығаны анықтамада аян етілді. Ол Көкелдаш медресесінде бастауыш білім алыпты, одан кейін жоғары оқу орыны – Мир Араб медресесін бітіріп шығыпты.

Оның ұлы Әнуар да осы медресенің түлегі екендігі анықтамада атап көрсетілген.

Өзбекстан Республикасы мұсылмандар кеңесінің төрағасы, муфти Усман қари Әлімовтің анықтамасы да осы сарындас. Ол Хасен Шамсутдиновтің жоғары мәдениетті, сұңғыла білімдар адам болғанын, сөйлеген сөзі терең мазмұндылығымен есте қалғанын атап көрсетіпті.

Халық көрген ақ пен қызылдың шайқасы, ашаршылық, саяси құғын-сүргін және Ұлы Отан соғысы сияқты сұрапыл зауал атаулыны ол да өткерді.

Қашан соғыс аяқталғанша қалың елмен бірге қиындықта көрген ол «Құдай – бір, Құран - хақ» деген жолынан жаңылған жоқ.

Жауқазын кезінде жадында жатталып қалған Құран сүрелерінің қартайған шағында да естен шықпайтыны өз алдында, оны бір Аллаға сенімінен ешкім де, ештеңе де айыра алмады.

«Қожаны, молданы койдай қу қамшымен!» - дейтін шолақ белсенділердің күні туған заманында молдалық құру мүмкін емес еді. Бұған Ұлы Отан соғысы бітер тұста ғана мүмкіндік туыпты. КСРО Халық комиссарлары кеңесі жанындағы Діни ғибадат істері жөніндегі кеңестің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша уәкілі Ляпуновтың анықтамасында, 1945 жылдың 7 наурызында Петропавл қаласында К.Маркс көшесі, 85-ші үй мекенжайы бойынша мұсылмандардың діни қоғамының құрылғаны қағазға түсіріліпті.

Оның тексеру комиссиясының құрамында таныс есім жарқ ете қалды: Ол Хасен Шамсутдинов! К.Маркс көшесі, 85-ші үй мекенжайы орта жастағы Қызылжарлықтардың көбіне мәлім: онда көк мешіт күмбірлеп тұрды ғой! Сол көк мешітте тақуалық еңбек жолын бастаған Хасен діни оқуға жұмсаған он жеті жылын Қызылжар намазхандарына да арнайды деп кім ойлаған?! Көк мешіттегі он жеті жылы жұрт та, дін де әбден діңкелеген кезеңге тұспа-тұс келсе, амал не?

Уәкіл Ляпуновтың тағы бір анықтамасына (11.06.51 ж.) қарағанда, Хасен 1950 жылы Петропавл мұсылмандар қауымы мешітінің имамы болып тағайындалады. Мешіт имамының ай сайын уәкілге есеп беріп отырғанына қарағанда басқан ізін білдірмеудің амалын таба алмаған тәрізді. Мәселен, 1956 жылдың қаңтар айында уәкіл имамды екі рет қабылдапты. Хасен 1955 жылы аудандарға барып, үш рет жаназа шығарғанын айта келіп, осы ісін жалғастырудың жөнін сұрайды. Ляпунов қол қойған көшірмеде көрсетілгеніндей, уәкіл имамға рұқсат беріпті.

Ал 31-і күні Ляпуновтың қабылдауына тағы да келген имам Орта Азия мұсылмандары діни басқармасынан о дүниелік болғандардың үшін, жетісін, қырқын, тіпті, жылын да шығармау жөнінде жазбаша нұсқау алғанын хабарлайды.

Басқарманың қазіы Гильманов Қызылжарға келгенінде Хасен имамға былай депті: молда ешкімнің үшіне де, жетісіне де, қырқына да және жылына да қатыспасын, алайда, осы дұғаларды басқа күндері өткізу туралы өтініш білдірілсе, оны орындауға міндетті. Ляпунов не айтсын: үндемепті.

Міне, осылай ит пен мысықтай аңдысумен он жеті жыл бойы көк мешітті Құранның көп сүресімен, яғни Алланың сөзімен күмбірлеткен Хасен имамның ойдағы-қырдағы қазақтың да, татардың да намазхандарын тоғыстырып, асыл дінімізге кіршік түсірмеген еңбегі ересен емес пе?!

Өз заманындағы аса көрнекті тұлғалармен тығыз байланыста болды. Бүкіл мұсылман дүниесі білетін аса құнды еңбектің бірі «Сиар Шариф» кітабының авторы Шәді Төремен таныс, пікірлес болған. Қазақ халқының көрнекті тұлғалары: Мағжан Жұмабаев, Мәшһүр Жүсіп Копеев, атақты палуан Қажымуқан Мұнайтпасов, Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының төрағасы Бабаханов, Садуақас Ғилмановпен достық қарым-қатынаста болған.

Араб, парсы, шағатай тілінде жазылған екі мыңнан астам кітаптарын, өзінің дінді уағыздау тақырыбына жазған қолжазбаларын 1960 жылдары Алматыдағы орталық кітапханасына тапсырды.

САҒЫНДЫҚ ХАЗІРЕТ

Хасен молданың имандылық жолына түсуіне бірден-бір ықпал еткен Сағындық хазірет екенін оның өмір деректерінен жақсы білеміз. Сағындық хазірет өз заманының дін бойынша ғана емес, ғылымның әр саласынан да ойы озық адамы болған.

1874 жылы туып, 1919 жылы 45 жасында өмірден өткен. Азан айтып қойған есімі Ысқақ, фамилиясы құжаттарында Жаңажанов деп жазылған. Хасен молданың Бәну атты апасын қалыңдыққа алып, оны Бұхарада оқытқаны туралы жоғары тарауда жазылды. Сағындық Бұхара әмірінің - Саид Әлім-ханның кезінде хатшысы болып қызмет атқарған.

Сағындықтан (Ысқақ) үш бала қалған. Қапиза және Сапия атты қыздар және Ғинаятолла атты ер бала болған. Үшеуінен де ұрпақ бар. Ақмола облысының Бұланды ауданында тұрып жатыр. Сағындық хазіреттің Ақмола облысы Елтай станциясында тұратын Қапиза атты қызынан туған Тілеулес деген жиенінің естелігін жариялап отырмыз:

Ысқақ – Сағындық хазірет 1874 жылы туған. Фамилиясы Жаңажанов, руы ақсары керей, оның ішінде абыз. Сағындықтың азан шақырып қойған аты-Ысқақ. Ол кісі Бұхарада көп жылдар бойы жасағандықтан, ұлы әжесі «сағындым» деп, содан Сағындық аталып кеткен.

Елге келген соң медресе ашып, бала оқытқан. Ол кісіден оқыған балалар кезінде әр ауылда имам болған. Менің жас кезімде білетін кісілер айтатын, дұғаны оқып отырып, ағын суды кері қарай ағызатын, адамдардың малдары жоғалса, ыдысқа су құйып, өзі дұға оқып, ұрыны тауып беретін деп. Жынданып ауырған кісілерді медреседе 7 күн зікір салып, жазып шығатын. Нағашымды 1916 жылы Ақмолаға уезге шақырған, бірақ ол кісі екі жылға дейін бармай жүрген, өйткені түсінде аян берген екен, сен онда барма, барсаң, сау қайтпайсың деп, бірақ шақырып болмаған соң барады. Сонда Сағындық хазірет келе жатыр деген соң бір шақырымнан жаяу кісілер қарсы алуға шығады. Сонда бір ақ сақалды кісі айтқан екен: «Па, шіркін, айтса – айтқандай екен, бірақ ғұмыры қысқа екен», - деп.

Содан келген соң төсек тартып жатып қалады, сонда өлең шығарған екен, шешем әндетіп айтып отырушы еді, соданның 1-2 шумағы есімде:

*«Мен келдім биылғы жыл 45 жасқа.
Дем салсам, жарылады қара тас та.
Зарлаған екі қатын, бала-шаға
Еш дауа табылар ма бұл науқасқа.
Періште келді-ау оңымнан,
Көтерші енді қолымнан.
Жеті жаста Ғинаят
Жетілгенше заман тар».*

Сөйтіп нағашым 1919 жылы дүниеден өткен. Қайтарында: «Мына орнап жатқан өкіметі дінге қарсы болады, менің кітаптарым аяқ астында қалады, сондықтан өзіммен бірге көміндер», - деген. Содан екі арба кітаптарын өзімен бірге көмген. Бірақ бұзақылар кейін кітаптарын алып, шашып тастапты дейді. Біреулер айтатын, ол кісінің зираты басында бірнеше жыл түнде шырақ жанып тұратын деп.

Нағашым қайтыс болғанда Бану нағашы әжем 3 баламен қалады. Үлкені менің шешем Қапиза 9 жаста, сол кезде шешем Құранды бітіруге жақындапты, әкесі үйреткен және өзімен бірге намаз оқытқан.

Менің шешем Құранды зуылдатып оқып отыратын. Қапизадан екі қыз болдық. Мен - Тілеулес және сіңілім Өрік. Екеуміз де ұстаз болып істедік, жоғары білімді. Менің бес балам бар, төртеуі жоғары білімді, әр салада қызмет істейді, сіңілім қайтыс болғалы 3 жыл, одан 4 бала бар, үшеуі жоғары білімді.

2-ші қызы Сапия 8 жаста болған, ол кісіден екі қыз, бір ұл бала бар. Үлкен қызы Шамшия 1946 жылы туған, қазір Уфа қаласында Технологиялық институтта қызмет істейді, профессор, кітап жазады, ер баласы Краснодарда, прокуратура маңайында қызметкер. 3-ші Сания, Астанада қызмет істейді.

Сағындық нағашымның 3-ші баласы Ғинаятolla нағашымыз. Ол кісі 1941 жылы соғысқа кеткен, содан Смоленск жерінде қайтыс болды. Ол кісі соғысқа кеткенде келіншегінің аяғы ауыр скен, содан Сағынбай деген нағашымыз, одан туған Сағынбай нағашым қиын-қыстау заманда оқу оқи алмаған.

Бірақта жақсы комбайншы-тракторшы болып еңбек еткен, ел сыйлаған адамдар болған. Сағынбай нағашымнан 5 ер бала, 2 қыз бала бар. Әртүрлі салада қызмет істейді.

ӘНУАР ҚАЖЫ ӘБІШЕВ ТУРАЛЫ

(1928-1991)

Әнуар қажы Фазылұлы Әбішев Хасен Шамсутдинұлының шәкірттерінің бірі болған.

Хасен молда өз баласы Әнуармен бірге Фазылдың да Әнуар атты баласын Бұхара қаласындағы Көкалдаш одан кейін Мир-Араб медресесіне оқуға түсіреді. Бұл медреселерді бітірген Әнуар Фазылұлы Қарашай – Черкес, Ставрополь діни басқармасында жиырма жылдам астам бас имам қызметін атқарады.

Қазақстанның көрнекті жазушыларының бірі Нөгербек Мағзұмұлы «Сарыарқа» журналының 1993 жылғы бір санында «Алыста да ағайын бар» атты мақаласында Әнуар имамның Қарашай еліндегі қадір-қасиеті, оның өмірден өткені жайлы жазғандарынан үзінді келтірейік:

Аузы-мұрнынан шыға толған «Ту-154» самолеті Кавказ жеріне «Минводыға» келіп табан тіредік.

Конференцияның ашылуына әлі екі күн бар. Уақыт жетеді. Сондықтан біз осы «Минводыдан» 70 шақырымдай жерде бір ағайын бар еді. Соған барсақ қайтеді? – деді Ақмола ауыл шаруашылығы институтының доценті Иманғали Сарбасов. Қасымызда осы аталған оқу орынының тағы бір доценті Сағындық Жанболатов бар. Алғашқысы – философ та, екіншісі – архитектор. Сапарымыз бір – Махачкалада өтетін Шығыстанушылардың бүкілодақтық IV конференциясына қатысу.

Барар жерге көлік іздеудің қамына кірісіп сыртқа шыққанбыз. Екі-үш жігіт бізге қарап, жалтақтап өте берген.

- Жігіттер, осы жерденсіңдер ме?
- Иә, осы араданбыз.
- Онда «Үшкекенді» білесіңдер ме?
- Білеміз. Кисловодскіден алыс емес, 15-20 шақырымдай.
- Сонда Әнуар қажы деген кісі тұрады, бәлкі, ол кісіні де танытын боларсыңдар?

- Білгенде қандай ... сол кісінің жабдығына бола жүрген едік. Келетін кісілер бар, соларды күтудеміз.

Біз түсінбей бір-бірімізге қарастық ...

- Естімеп пе едіңіздер, ол кісіні кешелері машина соғып, опат болды.

Сөз әлпеттеріңізге қарап, сіздерді сол кісінің қазасына келгендер екен деп қалып едік ... – Аз-кем үзілістен кейін: - Өздеріңіз қайдансыздар? – дегені.

- Ақмоладан.

- Е,е... Біз Алматыдан келетін ағайындарын күтіп жүр едік. Үшақтары кешігіп жатқаны. Таң атқалы осындамыз...

- Қап, әттегене-ай, мынадай қайғының үстінен түскенімізді кордіңіз бе?.. Кім ойлаған бұлай болар деп. Енді не істедік?. Бұдан кейін қалай соқпай кетерсің... Айналсоқтап әлі кете қоймаған жігіттерден:

- Сендер қазақсындар ма? – деп сұрадым.

- Иә, қазақпыз.

- Онда бөтен болмадық. Көліктерінде орын болса, біз де барсақ ... Әлде ол жаққа жүретін басқадай көліктің реті келер ме екен? Автобус, пойыз дегендер жүруші ме еді?

- Ағалар, оған кам жеменіздер. Бізде екі машина. Бірдеңе ғып сиысып барармыз, - дегені әлгі мың болғырлардың. – «Е, көңіл сыйса, бәрі де сияды» деген осы да дестік іштей разы болып.

Қас қарая жеңіл екі машинамен аэропорттан қозғалдық. Жүзіктің көзінен өтетін үш жігіт лыпып тұр. «Жолдан шаршап келдіңіздер ғой», - деп айран, тәтті нан, алма, самса сияқты тағамдарды алдымызға төгіп тастады. – «Алыңыздар, жүрек жалғаңыздар», - дейді бәйек болып.

Мұздай жарқыраған жап-жалтыр, теп-тегіс асфальтта жүйткіп келеміз. Кисловодскіге баратын жол осы екен. Жан-жағымызға шолып, көз тастаймыз. Мұнарыта мүлгіп тұрған таулар тізбегі оқшау-оқшау сұстанып, етек-жеңін жинай жоталанып, әрқайсысы бір-бір тылсым әлемдей әсер етеді. Енді бір шақ жан-жағымыз жымың-жымың, мың-сан жарыққа толды да кетті. Жер мен көкті тұтастыра жарқыратып жіберген от-шырақтар айсыз түнгі жұлдыздардай жыбырлап, сан құбыла күлімдеп, сонау алыс биікте де, құлдилаған еңісте де, ой-төбелі қыратта да жамырап қаптай жөнелген...

- Алдымыздағы, жан-жағымыздағы жарқыраған шамдар курортты мекендердің, қалашықтардың жарықтары ғой. Әлгі мұнартқан таулар атақты Бестау. Мына қараңғылыққа сіңіп көрінбей кетті.

- Бұларды күндіз көрген ғанибет, нiлге малып көкпеңбек боп, көз сүрiндiредi ғой... – деп қояды жiгiттер.

- Пятигорскiнiз осы екен ғой...

- Иә, Бестау. Бұл жақта Бештау деседi... Құйрық тiстесе зулаған екi машинаның екеуi де ине-жiптен жаңа шыққандай жалт-жұлт етедi.

Кисловодскiнi сырттай жанап өтiп, «Үшкекенге» де енгенбiз. Әлгiндей болған жоқ, екi қабатты еңселi үйдiң ауласына тоқтағанбыз. Табанымыздың жерге тигенi де сол едi, жоқтау айтып, жылап-сықтаған әйелдердiң дауысы естiлдi. Үйден шыққан еркектер де екi иықтары селкiлдей еңiреп, қайғылы үйдiң қасiретiне қайысып-ақ тұр. «Қонақ аз отырып, көп сынаиды» деген емес пе, отырған сайын мұнда келгенiмiздiң дұрыстығына көзiмiз жете бастаған. «Айналайындар-ай, қарашай ағайындар, сендер осындай бауырмал екенсiндер-ау!» деп iштей елжiреп, жан-жүрегiмiз тебiренiп кеткен. Ауылдың ақсақал, қарасақалдары түгел жиналыпты. Марқұмның Алматыдан келген туысқандарына, мына бiзге көңiл айтып, қайғының ортақ, екi ағайынға бiрдей ауыр қаза екенiн көкiректерi қарс айырыла бiлдiрiп жатты.

Қайғылы қазаға ұшыраған Әнуарбек Әбiшев деген өзiмiздiң Солтүстiк Қазақстан облысынан екен. Осы жерге көшiп келгелi ширек ғасырдан асыпты. Тұрғылықты қарашай жұртымен туыстай болып араласып, сiңiсiп кеткен. Осы жердегi мұсылман қауымының жанашыр ағасы - ұстазы, зор мүддарисi саналып, үлкен қадiр-құрметке ие болған. Қарашайлардың астанасы «Үш кекендегi» мешiттi содан берi басқарып, имамы болған. Осы жерден Сауд Аравиясына барып, қажы атанып қайтқан.

Жалпы қарашай топырағында қайта ел болып, еңсекөтергеннен кейiнгi Қарашай қажыларының бiрiншiсi Хазимұхамед деген кiсi болса, екiншiсi - осы Әнуарбек қажы. Ал үшiншi қажы осыған дейiн Солтүстiк Кавказ мұсылмандары дiни орталығының бас муфтиi болған Махмұт Шұғайұғлы Геккиев. Ол кiсi үй иесi марқұммен дос-жолдас, сырлас-көңiлдес екен. Бұхарадағы Мир – Арабты бiрге бiтiрген. Мына кездейсоқ қазаны есiтiсiмен аяқ-қолы жерге тимей, сонау 500 шақырымға жуық Махачкаладан құстай ұшып жеткен. Шын адамшылық емес пе осынысы?

Марқұмның бакилық жабдығына бас-көз болып, ақыл-кеңес-терiн айтып, жөн-жоба нұсқап жүрген де осы кiсi.

Біздің алдымызда бір күн бұрын Қызылжардан Әнуарбек қажының інісі Кенжебек, балдызы Гүлшара келген екен. Бізде ол кезде күн салқындап, күреңіткен қоңыр күз кірбие бастаса, мұнда әлі жайма-шуақ, ыстық. Мәйіттің үйде жатқанына екі күннен асқан. Марқұмның мүрдесін елге апарып қоямыз ба деген ниетпен Алматыдан келетін ағайындарын тосып күткен сыңайлары бар.

Мән-жайды білгеннен кейін марқұмның ағасы «мәйітті алып кетемін» дегенді айтқан. Алматыдан туыс-туған, ағайындары сарыла күтіп отыр. «Оның ыңғайы келмесе, жамбасы туған жері Қызылжар топырағына тисін. Осыған дайындау керек», - деген.

Қарашай ағайындардың қысылған жері де осы болды. Ойлары- өздеріне туғандай болып кеткен марқұмды ақ арулап, күтты орнына өз қолдарымен қондыру. Бірақ онысын батып ашық айта алмайды. Орағытып-орағытып жанамалай кеп, осы ниеттерін аңғартатындай. Іштеріндегі сөз ұстар қариясы: «Марқұм Әнуар қажының несін айтасың, мұндай адам сирек келер дүниеге. Оның сөзі, ақыл-парасаты біздің қарашайлардың есінен кетпес. Кәрі-жасымыздың мәңгі жүрегінде қалды ғой. Оның өнегесін қалай ұмтырасың. Біздің халқымызға деген риясыз ықыласы да сондай қаза үстінде айтушы еді: «Адам дүние салған соң оны телміртіп көп жатқызбау керек. Бақилық орнына жедел жеткізген жөн дейтін...» деп те емеуірін білдіріп қояды.

Елге алып кету жөнінде Қызылжардан кеше келген Кенжебек те айтыпты. Алматыдан келетін ағайындардың да сөзі осы, деп әкету жабдығына тоқтаған. Бірақ қанша тілегенің бола бере ме, ұшақтың ыңғайы келмеген. Кеше таңертең келеді деген Алматы ұшағының өзі кешігіп түнде эзер жетті. Ал күн болса мынау, шыжып тұр. Екі жақты да тығырыққа тіреген осы қиыншылық болды. Содан 24 мың сомға вертолет жалдамақ болған. Ал ол мындаған шақырым Алматыға кідіріссіз тез жете алмайды. Мәйітті сақтау шаралары жасалмаған... Содан не керек, ақыры марқұмды осы араға жерлеуге пәтуәласқан.

Қарайшалар да ислам дінінің сүнниттер тобына жатады. Бірақ өлік жөнелту салты біздің қазақтарға қарағанда өзгешелеу.

«Өзгешелеу» дегенде ақиқатына жүгінсек, олар бұл орайда да ислам парызын қатаң сақтауға тырысады. Мәселен, біздегідей шашылып-төгілу жоқ.

Қайғы жұтып, қасіретке батқан қаралы үйге материалдық жағынан да, қызмет жабдығын атқарысуда да қиындық – салмақ түсірмеуге тырысады. Қарашай әйелдері, көбіне көршілері ас-дәмдерін үйлерінен әзірлеп әкеп, аяқтарының ұшынан басып, қызмет көрсетіп жүрді. Бұл салт үш күнге дейін бұлжымайтын сияқты.

Мәйітті үйден таңертең ерте шығарады. Оған дейін құлақ естіген жерден жұрт жиналып, марқұмға қоштасу құрметтерін көрсетеді. Аулаға жиналған халық сырттан қосылған көңіл білдірер адамдар болса әрбір жаңадан келгендердің атынан іштерінде біреуі марқұмға бағыштап аят оқиды.

Содан лек-легімен ағылған машиналар қала сыртындағы зиратқа қарай тартты. Ақ арулап, кілемге орап мәйіт салынған табытты әжептәуір жерге кезектесіп көтеріп, қабір басына жаяу жеткізген. Мұнда арнайы салынған үйде дәрет алатын құманнан бастап, сүлгі, күрек, кетпен, өлікке Құран шығарылғанда астарына салып отыратын бөстектерге дейін әзірленіп қойылған.

Құран көкорай аланда шығарылады екен. Зират ауласы кең, іші жап-жасыл, биік өскен қалың шөп. Қарағай, қайың, үйенкі, тағы басқа бізге беймағлұм жасыл ағаш, жайқала желбіреп, жанға хош иіс таратуда. Күн жылы, шілденің шуағындай маужырап тұр. Алқа - қотан отырғандар мәйітті ортаға салып қойып, кезектесе оқып, Құран шығара бастады. Әрқайсысы Құран сүрелерін зор ықыласпен құштарлана оқып, көңілге қонымды жұмсақ үндерін мақамдай шығарып, ең кемі 20-25 минуттен мақамдайды. Ал олар бұл қызметтері үшін соқыр тиын алмайды. Оларға ақша, не заттай бірдеңе ұсынып жатқан да ешкім жоқ. Содан барлығы жапырлай көтеріліп дайын етілген қабірге қарай шұбасқан... Қабір басында да Құран оқылды. Қабір кісі бойы етіп қазылады екен де, сол қабырғасынан аласа лақат шығарылып, мәйіт жүзі құбылаға қаратылып қырынан қойылады. Соңынан тағы да марқұмға, қабір басындағылардың о дүниелік ата-аналарына, жақын туыс, жұрағаттарына, жалпы мұсылман қауымына арнап аят оқылады, фатиха жасалады.

Бұдан кейін қабірінің басына кімдікі екені көрсетіліп, тақтайшаға арабша аты-жөні жазылады. Артынан, бәлкі, жылын бергеннен кейін тастан немесе мәрмәрдан қашалып белгі қойылады.

Мәселен, Әнуарбек қажының қабіріндегі уақытша белгісіне былай деп жазылды: «Абишланы Ануарбек Фазылны ұланы». Кетерлерінде қабірін қазғанда өлшеуге пайдаланған таяқшаны қақ бөліп сындырып тастады. «Неге өйтесіндер?» деген сұрағымызға, «соңыра періштілер жауап алғанда пайдаланбасын, деп сөйтеміз» деді.

Марқұмды жерлегеннен кейін барлығы сол арада үйді-үйлеріне тарқасты. Біздегі сияқты қабір басында да молдаларға, қабіршілерге, қаралы жұртқа шапан, ақша түйілген орамал, барқыт, пүліш үйлестіру, бұдан кейін үйіне барып, не арнайы жабдықталған асханаларға келіп ас ішу дегеніңіз болған жоқ.

ШАМСУТДИНОВ МАРАТ ҚҰСАЙЫНҰЛЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІ.

Шамсутдин Андағұлұлынан үш бала туған. Хасен молда және менің әкем Құсайын. Хасен молда 1890 жылы, менің әкем 1892 жылы, үшінші бала Ахметғарып 1894 жылы туған. Шамсутдин ағамыз өте діни сауатты адам болған. Балаларын да жастай оқуға береді. Хасен ағамызды 8 жасынан Бұхара қаласына атақты медреселерге оқуға жіберсе, менің әкем Құсайын мен Ахметғарапты алдымен өзі оқытып, діни сауатын ашқан соң Петропавл педучилищесінде оқытады. Екеуі де бұрынғы Приишим ауданы Октябрь ауылында мұғалім болады. Петропавл қаласында көшіп келген соң қаладағы № 1 мектепте ұстаз болады.

Ахметғарапты 1937 жылы дінді уағыздайды, намаз оқиды деп СҚО УНКВД 58-ші бабамен ату жазасына кесіп, Петропавл қаласында атып тастайды. 28.03.1989 жылы облыс прокуратурасының шешімімен ақталды.

Мен бір жасқа толғанда (1942 ж.) әкем Құсайын, алты жасқа толғанымда шешем Аухан Тасанбайқызы қайтыс болды. 1947 жылы қазіргі Есіл ауданы Ақтас ауылында нағашы атамның қолында жүргенімде Хасен атам қолына алды. Содан бөлек отау болғанша сол кісінің қолында болдым. Мені ешкімнен кем қылмай, өз балаларымен бірге тәрбиеледі. Анамыздың есімі - Зура Шаймухамедқызы.

Мен келген соң бұл отбасында 1949 жылы Сунатулла атты қыз, 1951 жылы Мұхамед туды. 1941 жылы туған мен қаладағы Калинин атындағы қазақ мектебін бітіріп. Теміртау қаласындағы электромонтаж училищесінде оқыдым. 1966 жылдан 1995 жылға дейін өз мамандығым бойынша қызмет атқарып, еңбек демалысына шықтым.

Жолдасым Шамсутдинова Бағила көп жыл бойы облыстық партия комитетінде бухгалтер болып істеді.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МЕШІТТЕРІ

Мешіт – араб тілінен аударғанда мұсылмандардың Аллаға ибадат етуіне арналған діни ғимарат. Алғашқыда барлық ғимараттар мешіт деп аталды, алғаш мешіт 7 ғасырдың басында Медина қаласына жақын Құба елді мекенінде салынды. Мешіттің салынуына Мұхамед Пайғамбардың өзі тікелей қатысқан. Мешітке мұсылмандар намаз оқу, діни уағыз тыңдау және өмірлік мәселелерді талқылау үшін жиналған. Мешіттегі мұнара, михраб 8 ғасырда қалыптасқан, кейін хұтба уағыз айтушыға арналған мінбер пайда болған. Мешіттер жанындағы медреселерде балалар оқыту жүзеге асты.

Алғашқы мешіттер Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігінде салынды. Ал Қазақстанның солтүстік өңірінде мешіт 18 ғасырдың аяғында пайда болды.

Солтүстік Қазақстан облысының орталығы - ежелден мекендеген қазақтардың Қызылжарында 1752 жылы Ресей патша өкіметінің шешімімен әулие Петр әскери бекінісі салына бастады. Кейін бекініс Петропавл деп аталатын болды.

Петропавл қаласының мешіттері Петропавл бекінісімен бірге салына басталды. Бекіністе сауда – саттықтың дамуы және мұсылмандықты ұстанған жергілікті халықтың шоғырлануы, бекіністің біртіндеп қалаға айналуы бұл аймақта мешіттердің салынуына зор әсер етті. Жергілікті қазақ және сырттан келген татар халықтарының қалаға шоғырлануы бірнеше мешіттердің салынуына және қалада ислам дінін уағыздауға ықпал етті. Сонымен бірге мешіттерде оқушыларға білім негіздері де берілді.

Сол кезеңдегі заңдардың негізінде тұрғылықты халықтың саны екі жүзден асса, мешіт салуға болатын еді. Сондықтан әулие Петр бекінісіне көшіп келген татарлар қазақтармен бірге Алладан және мұсылман діні – исламнан – қол үзбей, өз рәсімдерін жасады, мешіттерді де сала бастады.

1782 жылы Патша өкіметі Петропавл бекінісінде мешіт салуға ресми түрде рұқсат берді: «На постройку в крепости Петропавловской для Магометанского народа Ее императорского величества повелением, состоявшимся в 8-ой день июля 1782 года, повелено отпустить денег 5000 рублей». (ГАОО Ф.3.О.1Д.359)

Солтүстік өлкені зерттеуші Л.П.Кузнецовтың 1913 жылы шыққан «Краткий исторический очерк Петропавловска Акмолинской области» еңбегінде 1795 жылы бекіністің форштадында («Ойқалада») Ресей патша ханымы II Екатеринаның рұқсатымен әулие Петр бекінісінде қазақ даласында алғашрет Қасымов тас мешітін салғанын жазды.

Мешітті салған Троицк қаласынан келген Ағун Якушев пен Касимов уезінен келген көпес Қасымовтар еді. Мешіт бұрынғы Большая көшесінде орналасты. Мешітті салу табиғат апаты, соғыс зардаптары (1812ж. Ресейдің Франциямен соғысы кезеңіне ілігуі), бөлінген қаражаттың жетіспеуі, т.б. себеппен ұзаққа созылған.

Омбы мұрағатының «Петропавл бекінісі және Омбыда мұсылман мешіттерін салу туралы» құжаты мешітті салу жұмысы жалғасып, 1824 жылы 15 қаңтарынан 1831 жылы 27 тамызына дейін болғанын жазады (1795-1831).

Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағат деректерінде 1862 жылы Петропавлда 1185 тұрғын үй, 3 шіркеу, 4 мешіт, оның екеуі тастан, екеуі ағаштан болғаны жазылған.

1865 жылы қалада 7845 адам тұрған, оның 3269-ы - мұсылмандар. (М.А.Морозов. Петропавловск в дореволюционных литературных источниках. Ленинград, 1991. стр 24).

Батыс Сібір генерал-губернаторы мұсылмандардың ұсынысын қолдап, 1860 жылы қала жерінен мұсылман тұрғындарына арнап бақша салуға жер үлесі бөлінді. Ол жөнінде: «подобным разрешением магометанское сословие поощерено к большому водворению в сем городе, для возвеличивания его торговой деятельности». (ГАОО Ф.3.О.1.Д.4512.л.18)

1891 жылы шілдеде біздің өлкемізде болған, болашақ Ресейдің императоры Николай ханзада, хаттарында Петропавлда бес орыс шіркеуі, еврей синагогасы және алты мұсылман мешіті барын жазды.

Мешіттердің саны сол уақыттан өзгермей, тек 1914 жылы И.Голошубиннің «Справочная книга Омской епархии» атты кітабында мұсылман мешіттері жеті деген ақпар кездестіреміз.

Қалада 1872 жылдары 7 медресе және 7 мектеп болған, оның 3-інде қыздар бастауыш білім алды, ал бұрын 4 бастауыш қыздар мектебі болған.

1917 жылдың қарсаңында мектептер мен медреселер саны 12-ге жеткен, оның ішінде 8 кластық қыздар училищесі де болған, оны №4 мешіт жанынан көпес Мұратовтар салдырған. 1880- 1927 жылдар аралығында 500 шәкірт медресе бітіріп шыққан.

XX ғасырдың басында Петропавлда жеті мешіт жұмыс атқарғанын көреміз.

Кенес өкіметі орнаған алғашқы жылдары большевиктер дінге қарсы декреттер қабылдаса да, оны бірден жүзеге асыра алмады, оған себеп азамат соғысы, ашаршылық, көтерілістер еді. Бұл жұмысты 1921 жылы қолға алған.

Петропавл қаласының мешіттері жөнінде облыстық мұрағаттың қорында сақталған 1921 жылы жасалған тізімі бар. Ақмола губерниялық кеңесінің атқару комитеті (1921-1928 жылдары Петропавл губерниялық әкімшіліктің орталығы болған) 1921 жылдың қаңтарынан шіркеулерді, құлшылық үйлерін, мешіттерді алғашқы тірекеу жұмыстарын жүргізеді. Қала аумағы бойынша бұл тізімге 9 мешіт тіркеуге ілігеді.

Осы құжаттағы мәліметтерге тоқталайық:

№ 1 мешіт, орналасқан жері: Почтамская (қазіргі Первомайская) көшесі, 200 адам.

№ 2 мешіт, орналасқан жері: Большой (қазіргі Коминтерн) көшесі, 200 адам.

№ 3 мешіт, орналасқан жері: Хлебниковская(қазіргі Горький) көшесі, 300 адам.

№ 4 мешіт, орналасқан жері: Степная (қазіргі Попов) көшесі, 250 адам.

№ 5 мешіт, орналасқан жері: Банковская (қазіргі Совет) көшесі, 150 адам.

№ 6 мешіт, орналасқан жері: Хлебниковская және Думская (қазіргі Горький және Ульянов) көшелері, 200 адам.

№ 7 мешіт, орналасқан жері: Больничная (қазіргі Парковая) көшесі, 150 адам.

№ 8 мешіт, орналасқан жері: Ишимская көшесі, 100 адам.

№ 9 мешіт, орналасқан жері: Лагерная (қазіргі Рижға) көшесі, 200 адам.

Қаладағы № 1,2,3,4,5,6 мешіттердің ғимараты кірпіштен салынған, ал № 7,8,9 мешіттер - ағаштан.

Бұл тізімге «Айырбас алаңындағы» («Меновый двор») мұсылман мешіті ілікпеген. Бұл мешіттің қашан ашылғандығы туралы нақты мәлімет жоқ. Ал мешіт Ақмола губаткомының Президиумының 1924 жылғы 28 сәуірдегі № 20 қаулысымен жабылған. Мешіт үйінің ғимараты кітапханаға және оның оқу залына берілген.

1921 жылғы 18-24 қазанда мәжіліс өткізген Ақмола губерниялық кәсіподақтар советі «Аз ұлттар (орыс еместер) мен орыстардың діни мейрамдары туралы» қаулы қабылдап, мұсылман мейрамдарын көрсеткен, олар:

«Пітір айты – 2 күн демалыс, Құрбан айты – 2 күн демалыс, Жаңа жыл – 1 күн демалыс, Ашура – 1 күн және Мәуліт күні – 1 күн демалыс болып белгіленсін. Бұл даталар жұмыс күніне келіп қалса, кейін өтелуге тиіс», - деп белгіледі.

Петропавл қалалық кеңесінің ұсынысымен 1922 жылы 23 желтоқсанында бүкіл мешіттердің мүлкі тіркеуге алынды, бұрын мешіттердің өздері тіркеуден өткен, ол туралы сол жылдың 24 желтоқсанында мүліктерді арнайы тізімге алынғандығы туралы акт жасалған, ал мешіттердің өздерін тіркеу қайта – қайта жүргізіліп, 1923-24 жылдарда мешіттерді тіркеу жұмысы аяқталды.

1923 жылы 10-16 шілде аралығында Уфа қаласында Бүкіл Ресейлік мұсылмандар діни басқармасының (ол кезде Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы құрылмаған кез) съезі Жарғының жобасын талқылады. Ол сол жылдың 30 қарашасында бекітілді.

Жарғы бойынша мұсылмандар діни ұйымының басшылығы:

1. Орталық діни басшылық орталығы – Уфа қаласы
2. Жергілікті діни басшылық «мута – уадит» болып бөлінді.

Кеңес заңдарының талабына сәйкес мешіт ғимараттары мемлекет қарамағына алынады да, национализацияланды. Мешіт ғимаратымен жұмыс істеу үшін діни бірлестіктер мемлекетпен келісімшарт жасауы керек болатын. Осы келісімшарт негізінде мешіт ғимаратты жалға алды, сол үшін мешіт үкіметке ақы және жер салығын (рента) төлеуге тиісті болады.

1923 жылғы мәлімет бойынша Петропавл қаласындағы мұсылман мешіттеріне қысқаша сипаттама берейік:

№ 1 мешіт. 26.10.1923 ж.

Молдасы Ибатуллин Мухфатулла, 557 адам тіркелген.

№ 2 мешіт. 31.10.1923 ж.

Молдасы Янгалычев Сайфулла, 549 адам тіркелген:

Мешіт қамқоршылары: Манасов Гариф, Максютов Галимжан, Мухаметшин Мубарак, Шайхульмуратов Гайнутдин, Салитов Гариф, Ибрагимов Газиз.

№ 3 мешіт. 26.10.1923 ж.

Молдасы Хайбуллин Муртаза, 584 адам тіркелген.

Мешіт қамқоршылары: Сютюшев Саид, Измайлов Мустафа, Хайбуллин Муртаза, Рамкулов Абдахман, Валеев Закир, Манапов Саид.

№ 4 мешіт. 29.10.1923 ж.

Молдасы Бегатов Тиман, 425 адам тіркелген.

Мешіт қамқоршылары: Файзеев Фазылхат, Гимодинов Шайфутдин, Гадильшин Сабыр, Садырбаев Газез, Танатаров Абдулла, Зайнуллин Ярулла.

№ 5 мешіт. 22.10.1923 ж.

Молдасы Иаматов Мухаметжан, 255 адам тіркелген.

Мешіт қамқоршылары: Есмагзамов Мухамет, Сабитов Кусайн, Мухамадиев Кали, Яушев Абдулла, Мунайсов Низамутдин.

№ 6 мешіт. 28.10.1923 ж.

Молдасы Шакулов Кадыр, 143 адам тіркелген.

Мешіт қамқоршылары: Зарифов Багафтдин, Атшев Хаким, Тастимиров Жакия, Машеев Касым, Джумабаев Бикмухамет, Джамилев Газиз / есімдер түпнұсқа бойынша берілді/.

1924 жылы 30 маусымда №3 мешіттің атқару органы 20 құрылтайшысымен бірге Ақмола губерниясының әкімшілік бөлім бастығы В.М.Кременскиймен мешіт үйін ұзақ мерзімге тегін пайдалану туралы келісімшарт жасайды.

Мұндай келісімшартты қаладағы барлық мешіттер жасады. Сонымен қатар мешіттер Жарғыны бұзбай, болған өзгерістерді

дер кезінде әкімшілік бөлімге хабарлап отыруға, тәртіп сақтауға, мешіт жұмысын тексеруге келген губерния басшыларына, ПХК өкілдеріне кедергі жасамауға, мешіт мүлкін сатпауға, жоғалтпауға және бүлдірмеуге тиісті болды.

Мешіттердің құрылымына келсек, олар: құрылтайшылары және қамқоршылық кеңестері, бес адамнан тұрған мешіттердің басқару органдары және тексеру комиссиялары еді. Мешіттің Жарғысы, басқару органдарының тізімі нотариус арқылы заңдастырылып отырды.

Сонымен, Петропавл қаласында 1924 жылдың қарсаңында барлығы 10 мұсылман мешіті болған, оның біреуі жабылып, тіркеуде 9 мешіт тізімге іліккен.

Ал 1925 жылдың 1 ақпанында Петропавл уезінде тіркелген мешіттер тізімі бойынша Петропавл қаласында №1,2,3,4,5, 6,7,8,9 мешіттері тіркелген, ал ауылды жердегі бірде бір мешіт жөнінде мағлұмат бермеген. Тізімде орыс шіркеулері, құлшылық жасау үйлері, костель, тіпті синогога болғанын жазған (СКММ. 8 қор, 1тізім, 158 іс).

Облыстың дін басшылары діни ахуалды көтеру мақсатында діни семинарлар, курстар өткізуді ойластырды. Сондай әрекет Ақмола губерниясының мухтасибі М.С.Абдульязинов тарапынан болады. Ол курстың бағдарламасын жасайды, онда сабақта қандай кітаптарды пайдаланатындығын көрсетеді, курсты жүргізетін мұғалімдер тізімі және олардың сауалнамалары толтырылып, әкімшілік бөліміне жіберіледі және оған қоса курсты өткізу үшін рұқсат сұраған өтінішін де жөнелтеді.

1929-1930 жылдары мешіттерді жабу, дін қызметкерлерін қуғындау халық ренішін туғызады, сондықтан жоғарғы жаққа шағымдар ағыла бастады.

Қалалық Кеңестің 1931 жылғы 27 желтоқсандағы мәліметі бойынша 1928 жылға дейін 2 мешіт жабылған, оның бірі - № 9 мешіт , екіншісі - № 10 мешіт (Керуен сарайындағы). Сонда қалада 1935 жылға дейін 8 мешіт қалды.

**Петропавл әкімшілік бөлімінде 1931 жылы 15 шілдеде
қайтадан тіркеуден өткен (бұрынғы Трудовой және
Ворошилов аудандары) діни бірлестіктер
ТІЗІМІ**

Рег саны	Мешіт №	Орналасқан көшесі	Құрылтай шылары	Діни қызметкер- лер саны	Қайта тіркеуден өткен мерзімі	Ерекше белгі
2	№ 1 мешіт	Почтамская көшесінде	20	2	3.05.30ж	7.02.30 КАЗЦИК шешімі бойынша жабылуға тніс, ВЦИК рұқсат бергенде
3	№ 2 мешіт	Ойқаладағы Рабочая путь көшесі, бұрын. Большая көшесі болған), бергін Коминтерн атын. көше	20	1	-	
4	№ 3 мешіт	Ескі мұсылман зиратындағы мешіт, Среднесадовая – Базарбаев – Хлебников көшесінің кнылысында	25	2	-	
5	№ 4 мешіт	Большая Садовая, Средне – Садовая көш-ң кнылысында	33	2	-	
5	№ 5 мешіт	Совет көшесіндегі №65 үй	23	1	-	
6	№ 6 мешіт	Караванная және Ульянов көшелерінің аралығында	26	2	-	

кестенің жалғасы

7	№ 7 мешіт	Старо – Кладбищенская және Больничная көш. кнйлысында	20	2	-	
8	№ 8 мешіт	Совет көшесі №192 үй	20	-	-	
9	№ 9 мешіт	Ишимская көш (орыс слабодкасында орналасқан) бұрынғы Лагерная көшесі	-			
өздері	-					
ыдыраған	-	Мешіт үйі мектеп болды				

Ұлы Отан соғысы кезінде діни орындарды (шіркеу, мешіт т.б) қайта ашуға рұқсат берілсе де, көп ұзамай мешіттер біртіндеп жабыла бастады.

**Петропавл қаласында жабылған мешіттер тізімі
(27.11.1944 ж. мәлімет)**

Р/с	Мекенжайы	Қазіргі кезде не үшін пайдаланылады
1	Ленин көшесіндегі мешіт («Шала казак мешіті»)	Жеңіл өнеркәсіп шеберханасы
2	Петренев көшесіндегі мешіт	Нан зауыты
3	Базарбаев көшесіндегі мешіт	№641 зауыт
4	Совет көшесіндегі Дин– Мухаммед мешіті	Әзірше бос
5	Киров көшесіндегі (қазіргі Жамбыл) Янгузаров мешіті	Артынан № 347 зауыттың клубы 1946-47
6	К.Маркс көшесіндегі мешіт («Көк мешіт»)	1947 жылға дейін етік шеберханасы
7	Коминтерн көшегі мешіт	Темекі фабрикасы
8	Капай	бұзылған

Кеңес өкіметі жүздеген жылдар ізгілік пен игілік дәнін сеуіп келген дінімізді кертартпа деп насихаттап, дінбасыларды қуғынға ұшыратты, жер аударды, ату жазасына кеті. ...

Халық бірте – бірте рухани тірегінен айырыла бастады. Тіліне, дініне, әдет-ғұрпына да қысымшылық жасалды, орыстандыру саясаты жедел жүргізілді. Осындай ауыр халге ұшыраса да, халқымыз діннен безген жоқ. Қалалар мен кенттер, ауыл мешіттерінде жұма намаздары, Құрбан айт пен Ораза айт кең көлемде болмаса да, өткізіліп тұрды.

ҚАЛА МЕШІТТЕРІ - АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ ОШАҒЫ, СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ЕСКЕРТКІШІ.

№ 1 мешіт 1890 салынған, орналасқан жері: Почтамская – Думская (Ульянов және Мир – Ровная (С. Мұқанов) көшелерінің қиылысы. Мешіт өзі тастан салынған, 2 медресесі болған, бірі – Ровное көшесінде, екіншісі – Почтамская көшесінде, тастан салынған 4 бөлмелі үй, төбесі қаңылтырмен жабылған, жанында ағаш сарайы болған, ал мешіттің Ровное көшесіндегі медресесі 1 қабатты үй болған. Мешіт орамында отын сарайы және 8 жертөлесі болған, оның да қабырғалары тастан жасалған, олар Думская – Новомечетная (Мир) көшелерінің қиылысында орналасқан. Бұл мешіттің орны қазіргі кезде Нан – тоқаш комбинатының орамында қалған, оны «Сары мектеп» деп атаған, жертөлелер мешіт астында орналасқан, оған қоса 3 қамбасы болған.

Бұл мешітті халық арасында «Ылқан мешіті» деп атаған.

Мешітті Орынбордан келген Аминбай Мустаев деген татар көпесі салдырған.

Мешіт молдасы болып 1883 жылы туған, діни училищені 1907 жылы Стерлитамақ қаласында бітірген Сайфуллин Салахутдин Галяутдинович, ал мұғалімдері болып Мирсалимов Шариф, Ситдыков Ибрагим, Хасанов Хабибурахман, Айдагулова Нағима жұмыс істеген. Мешіт қамқоршылары: Ахметов Хисматула, Насибуллин Ғалиақпар, Даулеткелдиев М., Юнусов Шакир, Усманов Хасан, Янгузаров Гашакбарлар болған. Мешітке тіркелгендер саны – 200 адамға жеткен.

№ 2 мешіт Петропавлдағы алғашқы мешіт, 1795 – 1831 жылдары салынған, оны Троицк қаласының көпесі Ахуан Янушев пен Касимов уезінен келген Қасымовтар салған. 1861 жылы « Қасым мешітінің» молдасы болып, жоғары діни білімі бар және араб тілін меңгерген Якушев Абдул – Уахат Бареевич, ал мұғалімдері болып Нұрғалиев Руслан, Мүстиев Исхақ және Якушева Зия деген әйелдер жұмыс істеген.

Мешіт қамқоршылары: Мансыпов Ғариф, Мақсұтов Ғалим, Мұхаматшин Мубаракша, Гаунутдин, Сагитов Ғариф, Ибрагимов Ғазиз. Мешітке тіркелгендер саны 200 адам болған. Мешіт 1 қабатты, 2 бөлмелі үй болған.

1926 жылы Кеңес өкіметінің шешімі бойынша жергілікті билік «Қасым мешітін» жауып, оны темекі фабрикасына арнап берді. 1960 жылы өкімет фабриканы жауып, ғимаратты балық зауытының қарамағына берді. Мұнарасы кираса да, мешіт өзінің келбетін жоймаған. Қазіргі кезде ол архитектуралық ескерткіш ретінде сақтаулы.

1991 жылы бұрынғы «Қасым мешіті» мұсылмандардың талап-сілуімен қайтарылып берілді. Ғимаратқа жөндеу жасалғаннан кейін бір жылдай мешіт өз жұмысын істеді. Алайда іргелі балық зауытының иесінен қажыған мұсылмандар одан өз еркімен кетіп, бұрынғы Янгузаров мешітін қайтарып алып, енді сонда намаздарын жүргізді.

Бос қалған мешіт үйі, өкінішке қарай, өртке шалдықты. Содан кейін мешіт орны жеке кәсіпкерге сатылды. Бүгінгі күні бұл жерде жеңіл көлік жөндеу станциясы жұмыс істеп жатыр.

№ 3 мешіт 1868 жылы салынғаны жөнінде облыстық мұрағаттың «1924-1931 жж. №3 мешіттегі мұсылмандар қоғамының қызметіне әкімшілік бөлімнің бақылау материалдарынан» анықталды.

Мешітті салған Мұхаметжан қажы Дәулеткелдиев пен оның балалары Мирхайдар қажы, Ғалым, Ғұмар, Мұстафа т. б. Бұл мешіт қаладағы ең үлкен мешіт болған, қабырғалары кірпіштен салынған және жанында мұсылман зираты болған. Мешіт Вознесенская – Степная–Трудовая көшелерінің қиылысында (қазіргі Қазақстан Конституциясы – Жамбыл – Букетов – Алтынсарин) көшелерінің қиылысу алаңы, қазіргі облыстық мәслихат үйі тұрған жер.

1898-1931 жылдары мешіт жабылғанға дейін мешіттің имамы Мұхаметжан Бегишев болды. Онымен бірге діни қызметті Абдулкадыр Усманов пен Камалутдин Сайфутдинов атқарды. Мешіттің медресесін басқарған М.Бегишев Стамбул университетінде тамамдаған, жоғары білімді, алдыңғы қатарлы адам болды. Одан 1905-1910 жылдары Мағжан Жұмабаев білім алған. Медреседе діни пәндермен қатар, тарих және Шығыстың әдебиеті оқылды.

Кейін мешіттің имам болып 1870 жылы туған, діни орта білімі бар имам – хатиб Янгузаров Мингираб Суннатулович, ал мешіт мұғалімдері болып Мақсұтов Заки, Саитбеков Сайтқұл, Дәулеткелдиев Бахруш, Рахимова Зухра жұмыс істеді.

Медресе мұғалімі Сайтқұлды 1900 жылы көпес Мұратов демеушілікпен Меккеге қажылыққа жібереді.

Мешіттің қамқоршылары: Мұратов, Сутюшев Сайд, Исмаилов Мустафа, Хайбулин Муртаза, Рамкулов Абдрахман, Валсез Заір, Манапов Саид. Мешіт азаншысы болып Булатов Исан жұмыс істеген. Мешітке 300 адам тіркелген. Бұл мешітті ел ішінде «Қызыл мешіт» деп атаған.

Қала халқы бұл мешітті «Шала қазақ мешіті» деп те атаған. Жергілікті ұлт өкілдері мен шеттен келген мұсылмандардың аралас некесінен туған ұрпақты ол күнде «шала қазақ» деп атаған.

Кеңес өкіметі дінді жаппай қудалай бастағанда мешіттерді қайткенде де жабу үшін алдын ала түрлі сылтаулар іздеп, тексерістердің бірнеше түрін жүргізеді. Сол тексерістердің қорытындысымен мешіттер жабыла басталды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін қалалық атқару комитеті қаланың шаруашылық мекемесіне тапсырма береді, өйткені ол мекеме қаланың ұйымдарын үйлермен қамтамыз етуге тиісті болатын.

1935 жылы 25 ақпанда қаланың коммуналдық шаруашылық мекемесінің (Горкомхоз) орынбасары Велюжанскийдің тапсырмасымен осы мекеменің техник – құрылысшысы Трубников пен қалалық тұрмыстық құрылыстың (Горжилстрой) техник–құрылысшысы Горюнов екеуі мұсылмандар зиратындағы № 3 мешіттің техникалық жағдайын тексеріп, талапқа сай келмейді деген қорытынды шығарған.

Сол жылдың 27 ақпанында, екі күннен кейін саяси бөлімнің іс басқармасынан төмендегі аты аталған мешіттердің жер салығын (жалға алғаны үшін) және сақтандыру төлемін мешіттердің мезгілінде төлемегендеріне арнайы анықтама алған.

Ол анықтамада:

1) Ульяновская–Крестьянская көшелерінің қиылысындағы мешіттің берешегі - 1933 – 1935 жылдар үшін 1245 сом.

2) Интернациональная–Ульяновская көшелерінің қиылысындағы мешіттің берешегі 1933 – 1935 жылдар үшін-2520 сом.

3) Карл Маркс көшесіндегі («Көк мешіт») мешіттің берешегі, 1935 жыл үшін-309 сом.

4) Ровная - Совет көшелерінің қиылысындағы мешіттің берешегі-2525 сом.

5) Базарбаев – Степная көшелерінің қиылысындағы мешіттің 1935 жылғы берешегі-384 сом -деген деректер бар.

БОАК мен КХК-ның 1929 жылғы 8 сәуірдегі қаулысының 28, 29, 31-40 баптарына, БОАК мен КХК-ның 1931 жылғы 1 қаңтардағы СУ№8 қаулысы негізінде қалалық Кеңестің құжаттарды сол 27 ақпан күнгі Президиумында асығыс қарап, Интернациональная (қазір Жамбыл) көшесіндегі мешітті жабу туралы қаулы алады. Оған мына деректер негіз болған;

- Мешіттің құжаттарының жоқтығы;
- Атқару органдарының ыдырап кетуі;
- 1933 – 1935 жылдары Жер салығын төлемегендігі үшін;
- Мешіт үйіне жөндеу жүргізілмеуі.

Босаған мешіт үйлерін қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінің, қалалық және облыстық комсомол ұйымының сұрауы бойынша пионер клубына беруі жөнінде шешім шығарылды. Бұл шешімді 1935 жылы 5 наурызда Қарағанды облыстық атқару комитетінің президиумы (ол кезде Петропавл осы облыстың құрамында) бекітеді де, осы қаулыны Қазақ Орталық Атқару комитетінің бекітуін өтініп, жолдайды.

Мешіт тез арада жалға алғандығы үшін жер салығын және сақтандыру төлемін төлесе де, қаулыны қалалық кеңес өзгертпей мешітті жабады.

Мешіт жабылғаннан кейін әскери казармаға айналады. МЛД зауытының жатақханасы да болады, соңғы кезде Калинин зауытының спорт кешеніне айналды.

№ 4 мешіт 1870 салынған, оны Куанышев, Жалтырев, Муратовтар деген көпестер өз қаражаттарына салдыртқан, мешіт орамында 2 мектеп болған, ол сол кездегі Степной (қазіргі Попов) көшесінде орналасқан бұл көшеде Киров атындағы зауыт салынғандықтан, мешіт осы зауыттың орамында қалған.

Бұл мешіттің үйі бұзылмаған, тек мұнарасы ұшар бастан бастап жартылай бұзылған, мұнара конус формалы етіліп жасалған, мешіт қазіргі кезде зауыттың электр қоятын қоймасына айналған, жанында медресе үйі тұр.

Медресе мен мешіт үйлерінің терезелері ескілікті өрнектермен өрнектелген. Мектеп үйі бұзылған. Кеңес өкіметі кезінде медресені мектепке айналдырған, ол алыстан аппақ болып көрінгендіктен, «Ақ мектеп» атаған.

Мешіт молдасы болып 1868 жылы туған, діни училище бітірген (1892ж) Абрашитов Мұхаметқазиз Саитович жұмыс істеген. Ол араб, парсы, казак, орыс тілдерін білген.

№ 5 мешіт «Дин – Мұхаммед» мешіті

«Дин – Мұхаммед» мешіті бұрынғы Банковская (қазіргі Советс) көшесінде орналасқан. Мешітті 1852 жылы Тюмень облысынан келген татар көпесі Динмұхаммед Бичурин салдырған. Мешіттің қабырғасы қызыл кірпіштен салынған. Мешітті салуға Бичуриннің балалары Сабыр мен Ораз көмектескен.

Мешіттің алғашқы молдасы болып 1803 жылы туған Қадыров Абдукадыр Юсупович жұмыс істеген. Ол діни білімді және жұмысқа аса қабілетті адам, оның өзінің жеке мөрі болған.

Мешіт 1924 жылы жабылды. Ұлы Отан соғысы кезінде әскерлер үшін казарма болады, артынан спортзал ретінде пайдаланып, бертін келе ойын-сауық орнына айналады.

1996 жылы 26 шілдеде Петропавл қала әкімшілігінің шешімімен қайта ашылды. 1998 жылы 3-ші наурызда облыстық әкімшіліктің шешімімен «Динмұхаммед» мешіті татар-башқұрт мұсылмандарының діни бірлестігіне беріледі.

№ 6 Мешіт. 1882 жылы Ульянов облысының Симбирск қаласынан келген Уахит Янгузаров салдырған. Мешіт бұрынғы Никольская – Думская – Хлебниковская – Караванная (қазіргі Жамбыл – Ульянов – М. Горький – К. Сутюшев) көшелерінің қиылысында татар көпесінің орамында салынған.

Кенес өкіметі кезінде бұл мешіттің мұнарасы бұзылған. Бір кезде мешіт үйі № 347 зауыттың клубы болды. Оны клубқа айналдыру үшін мешіттің ішкі құрылысын өзгеріске ұшыратты, одан кейін балалардың спорт мектебіне берілді.

1947 жылы мұсылмандар қауымы мешіттің үйін қайтару туралы облыстық атқару комитетіне арызданады, бірақ арыз қанағаттандырылмады.

Өйткені, 1947 жылы 28 мамырда № 415 облыстық атқару комитетінің шешімі бойынша «зауытқа клуб үшін беретін үй жоқ, әрі бұл үйді мешітке айналдыру үшін қосымша көп қаржы керек. Ондай қаржыны мұсылмандар өздері таба алмайды», сондықтан мұсылмандар арыздарын өздері ерікті түрде қайтарып алғанды-

оны облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары Ж. Ташенов баяндайды.

Тек 1991 жылы ғана мұсылмандар тілегі орындағып, қалалық кеңестің шешімімен мешіт үйі қайтарылды, 1996 жылы оның жаңа мұнарасы көтерілді. Осы қаржыны табуда бұрынғы облыстық атқару комитеттің төрағасы болған зейнеткер Ніл Әдғамұлы Қолатбасының еңбегі зор болды.

«Қызылжар» қалалық мешітінің меншігіне берілген көпес Янгузаровтың үйі. Оның тарихы жөнінде айтсақ, саудагер Янгузаров Санкт-Петербургтағы бір дворянның қызына ғашық болады. Ол қыз саудагерге егер Қызылжарда өзі тұратындай үй салса ғана тұрмысқа шығатынын айтып, талап қойса керек. Янгузаров пұлын аямай, ондай үйді салса да қыз айтқанынан тайып кетеді. Сондықтан бұл үйді халық «Қалыңдық үйі» деп атап кеткен.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Янгузаровтар үйі Петропавл Совдепінің әкімшілік үйіне беріледі, 1920 жылдары «Тірекше мақсаттағы бөлімдер» (ЧОН – части особого назначения) орналасты, бұл бөлімде атақты жерлес жазушы С. Мұқанов та қызмет атқарған.

1936 жылы мешіттің мұнарасы қиратылады. 1960 жылдары бұл үйде облыстық қаржы бөлімі, кейін мемлекеттік сақтандыру (Госстрах) мекемесі болды, 1996 жылдары медресе де болып, онда шәкірттер оқыды.

1991 жылы мешіт орамындағы бұрынғы дүкен, қоралар сыршылып тасталып, орнына жаңадан мешіт қызметкерлерінің үйі салынды да, кейін онда мешіттің дүкені, баспасөз орталығы, кітапхана орналасты, соңғы кезде жаңа мешітке көшкенде ол бөлмелер жарнама – баспа компаниясына жалға берілді.

Мешіттің алғашқы молдасы болып 1868 жылы туған, жоғары діни білімді, араб, қазақ, орыс тілдерін жетік меңгерген Мұхамеджан Назметдинович Бегішев осы мешіттің 1931 жылы жабылғанына дейін жұмыс істеп, ол 1938 жылы «халық жауы» деп аталды, 1989 жылы 4 желтоқсанда облыстық прокуратураның шешімімен ақталды. Онымен бірге осы мешітте Усманов Абдулкадыр, Сайфутдинов Қамалутдин дінді дамытуға еңбек сіңірді.

«Янгузаров» медресесінде татардың жазушысы Сулейманов Низ – Мухаммат білім алып, артынан осы медреседе сабақ берді.

Ол медреседе 1893 жылға дейін жұмыс істеп, содан кейін басқа медресеге 1894 жылы ауысып, онда жаңа жәдиттік бағдарлама бойынша сабақ береді. 1897 жылы Омбы қаласына көшіп, имам болды. Мұғалімдік қызметті Тюменов Рамазан, Сайтбеков Абдрахман және Уәлиева Алмалар атқарды.

Мешіт құрылтайшылары: Зариф Багаутдин, Агишев Хаким, Тастемиров Яхия, Мамлеев Қасым, Жұмабаев Бикмухамет, Жамилев Ғазиз.

Мешіт мұсылмандарға 1991 жылдан 2005 жылға дейін, яғни жаңа мешіт салынғанға дейін қаланың бас мешіті қызметін атқарды. Осы аралықта бұл мешітте Бас имам болып Серік Сүлейменов (1992-1994 ж. ж), Үсен Қалдан (1994-2002) және Жақия қажы Абдоллаұлы қызмет істеді.

№ 7 мешіт бұрынғы Больничная-Старокладбищинская (қазіргі кезде Парковая – Токсан би) көшелерінің қиылысында орналасқан. Бұл мешіт үйінің мекенжайын қайта-қайта бір құжаттарда К.Маркс, 83, енді бір құжатта К.Маркс, 95 деп көрсетілген, үй нөмірлерінің ауыса беруі, қалада үйлердің мекенжайын тиянақтауға байланысты болса керек. Мешіт үйі 1838 жылы салынған үш бөлмелі ағаш үйден тұрады, ел ішінде бұл мешіт «Көк мешіт» атанған, олай аталу себебі сол кезде мешіт мұнарасы көк бояумен боялған болатын, ол алыстан көкшіл тартып тұратын. Оның үстіне қалада мешіттер көп болғандықтан әр мешітке халық бір белгісі бойынша ат қою дағдысы болған. Сол себепті бұл мешіт «Көк мешіт» атанған.

Мешіттің алғашқы молдаларының бірі болып Уфа қаласында 1905-1911 жылдары діни семинарияда оқыған, жоғары білімді Хамитов Хасан Сунғатович жұмыс істеген.

Мешіттің құрылтайшылары: Бибасов Қасым, Шөңтінов Темірбай, Жолдыбаев Есенғали, Аймбаев Сатыпалды, Абдуллин Абдрахман, Досмухамбетов Есмұхамет.

1921 жылы мешітке тіркелгендер саны 150 адам болған.

1931 жылғы 15 шілдедегі мәлімет бойынша бұл мешіттің 20 құрылтайшысы (заң талабына сәйкес) 2 діни қызметкері (имамы мен азаншысы) болған және 1930 жылы 5 мамырда қайта тіркеуден өткен болатын.

1935 жылы 309 сом мөлшерінде жер салығы мемлекетке төленбей қалады.

Сол себепті 1935 жылы «Көк мешіт» жабылып, қала мұсылмандары 12 жыл бойына ғибадат үйінсіз күн кешеді.

1935 жылы жабылған «Көк мешіт» біраз уақыт бос қаңырап тұрып қалады. Қаланың ортасында тұрған мешіттің кескіні кете тастайды, бұған налыған діндарлар облыстың дін істері жөніндегі уәкілі Ляпуновқа шағымданады. Ал Ляпунов қалалық Кеңестің ешқандай шара қолданбай, мешіттің үйін күштеп тартып алса да, ештеңеге пайдаланбай отырғандығын облыстық атқару комитетіне ренішпен жеткізеді. Содан кейін облыстық атқару комитетінің тапсыруымен қалалық Кеңес арнайы комиссия құрып, мұнарасы жарамайды екен деген сылтаумен мешіттің мұнарасын алдыртып тастайды да, мешіт үйін етік жөндейтін шеберханаға арналдырады.

1946 жылғы мәлімет бойынша қалада 2898 қазақ, 2848 татар болса, соның 2,5 мың адамы мешіт жамағаты болған екен.

Мұсылмандар мешітке сыймай кетіп, намазда көпшілігі мешіт алаңында оқитын. Имам мешітті жөндеу жұмыстарын дереу қолға алды, бірақ оны кеңейтуге мешіт қаражатының мүмкіндігі болмады, мешіт есебінде бас аяғы 3000 сом ғана ақша болатын.

Алдын ала есептеу бойынша мешітті кеңейтуге 12 мың сом ақша керектігі анықталды. Қаражаттың жоқтығына қарамастан, мешітке күрделі жөндеу жұмыстары діндарлар күшімен жүргізіледі. Мешіт үйінің іргетасы көтеріліп, астыңғы бөренелер жаңартылады және майлау, сырлау жұмыстары жүргізілді. Мешітті жөндеу жұмыстары 1,5 жылға созылып, 1948 ж. ғана толыққанды жұмыс істеуге көшеді, оған дейін намаз мешіт алаңында жеке үйлерінде өткізіліп жүрген.

Хиялитдинов Шәкір 1946 жылы шілде айында Меккеге барып, қажылық парызын атқарып келеді, ал 1947 жылы еліне кетті.

Бұл кезде мешітте имам болып Нұрғалиев Арслан Галиевич жұмыс істейді, бірақ денсаулығына байланысты өз өтінішімен босатылды.

1949 жылы Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Көк мешітке» мешіт имамы болып Шамсутдинов Хасен келді. Ол 1898-1915 жылдары Бұхарада Көкалдаш медресесінде бастауыш білім алып, одан кейін жоғары оқу орны – «Мир Араб» медресесін бітіріп шықты.

1978 жылы ЗИМ зауытының басшылығы облыстың сол кездегі партия, кеңес органдарының көмегімен «Көк мешіттің» орнын алады да, қаланың ортасында тұрған жалғыз мұсылман мешітін қаланың шеткі аймағындағы (Бензострой ауданы, Волочаевская 100) ғимаратына күштеп шығарып тастайды.

№ 8 мешіт Ишим көшесінің бойында орналасқан, ағаштан салынған, құжаттардағы көрсетілуі бойынша сол кезде жамағат саны 100 адам болған. Мешіт 1893 жылы салынған, осы мешіттің жанындағы медреседе 1895 ж. Бұхардан діни медресесін бітіріп келген, 1868 жылы туған жас жігіт Абдрахманов Ғалым Ахметуәлиевич молда болып жұмыс істеген. Оның алдынан талай шәкірт білім алған.

Мешіттің қамқоршылары Қалик Хасан, Қолыбаев Исатастанбек, Қилыбаев Жұныс, Маубаев Қошан, Хасанов Әлмағанбет, Көшенев Аманжол болды. Көне көз қариялардың айтуы бойынша мешітті салдырған осы Аманжол бай болған, өзге ауқатты кісілер ол кісіге мешіт салуға көмектескен.

№ 9 мешіт бұрынғы Лагерная көшесінде (қазіргі Рижская) орналасқан, ағаштан салынған екі бөлмелі, еңсесі биік бөлмелері кең болған. Бұл мешіт «Орыс слабодкасында» орналасты. Бұл мешіт үлкен кварталды алып жатқан, онда 1875-1879 жылдары Самара қаласында діни білім алған Муратбаев Хусмулгут Хайрулич молда болып жұмыс істеді. Мешіт жамағаты – 100 адам. Мешіттің құрылтайшылары: Сипикаев Сабыржан, Сипикаев Закир, Ибатулин Гафият, Ахметов Зайнулла, Рахматулин Вагиз, Бекмухаметов Ш.

21 қазанда бұрын Павлодар қаласында имам болып жұмыс істеген Бектасов Исқақ имам болып сайланды. Абд әл – Ғаффар Шамсутдинов (1884 – 1953) 1946 – 1952 жылдары Орта Азия және Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының республикамыздағы өкілі, Алматы қаласының имам болып жұмыс атқарған.

«КӨК МЕШІТ»

Дінге көзқарас Ұлы Отан соғысынан кейін өзгере бастады, осыны пайдаланып, қала діндарлары соғыстың аяқ кезінде 1500 адам 228 парақ қағазға қол қойып, қалада бірде – бір мешіттің жоқтығын тілге тиек етіп, Мәскеуге хат жолдайды. Содан КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы дін жөніндегі Кеңестің төрағасы Полянский 1945 жылы 14 ақпанда №172 нұсқауымен Қазақ Советтік Социалистік Республикасындағы Петропавл қаласында жабылған «Көк мешіт» үйін (К.Маркс көшесі, 83 үй) ашуға рұқсат береді. Осы рұқсаттың негізінде облыстық атқару комитеті 1945 жылы шешім шығарып, мешіт үйін діндарларға қайтарып береді.

«Көк мешіттің» мұнарасын Хасен молданың баласы Ғалихан тегін істеп береді. Ұзақ жылдар бойы Ғалихан мұсылмандарға тас күйіп беріп, әкеден алған үлгі - өнегесін ел пайдасына жаратып отырған.

1949 жылы Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Көк мешітке» мешіт имамы болып Шамсутдинов Хасен келді.

Ол 1898-1915 жылдары Бұхарада атақты Көкалдаш, Мир-Араб медреселерін бітіріп шығады.

Мешіттің тарлығынан қыс айларында айт намаздары мешіт орамында өткізіліп те жүрген. Осы қиындықтан шығу үшін 50 мұсылман қол қойып, мешіт үшін бұрынғы жабылып қалған «шала қазақ» мешітін сұрайды, бірақ билік орындары оң жауап бермейді. Сөйтіп, қала мұсылмандары 1978 жылға дейін тар мешітте күн кешкен.

1978 жылы сол «Көк мешіт» тұрған аумаққа ЗИМ зауытының жұмысшыларына үй салу қажеттілігі туады.

Осы кезде зауыт басшылығы облыстың сол кездегі партия, кеңес органдарының көмегімен «Көк мешіттің» орнын алады да, қаланың ортасында тұрған жалғыз мұсылман мешітін қаланың иеткі аймағындағы Волочаевская 100 ғимаратына күштеп шығарып тастайды. Бұл аудан орталығынан алыс, әрі топырағы сазды аудан, оның үстіне қатынас көліктері де сол кезде селдір жүретін кез болатын. Мұсылмандардың мешітке қатынасуы қиындап кетіп, мешітте намазхандар саны азайып кетеді. Сөзсіз бұл дін ахуалының төмендеуіне әкеліп соқты.

Осындай ауыртпалықты мұсылмандар 1991 жылға дейін бастан кешті.

1991 жылы көпшіліктің сұрауымен Ойқаладағы «Қасым мешітін» қайтарып береді. Бірақ та намазхандар ол мешіт үйін ұзақ пайдалана алмайды. Іргесінде орналасқан балық зауытының иіс-қоқысы намазхандардың мінәжат етуіне үлкен кедергі келтіреді.

Ол кезде мешіттің ынталы тобын басқарып жүрген Қанғожин Қабдолла ҚР Президенті Н.Назарбаевпен кездесуге келгенде мұсылмандар атынан мұңын айтып қалғанды. Елбасы сол кездегі еңбекшілер депутаттары облыстық Кеңесінің төрағасы Балташ Тұрсынбаевқа мұсылмандарға көмек көрсетуді тапсырып еді.

Сөйтіп, 1994 жылы Жамбыл көшесіндегі орталық мешіт үйі (бұрынғы Янгузаров мешіті) діндарларға қайтарылды, күні бүгінге дейін намазхандар осы мешітте бас қосып, құлшылықтарын жасауда

Қалада 3 мешіт қызмет көрсетсе де, намазхандардың жылдан жылға көбеюіне, мешіттердің мұсылмандар сұранысын өтей алмауына байланысты қалада Мир – К.Сүтүшев көшелерінің қиылысында 2001-2005 жылдары жаңа мешіт - «Қызылжар» салынды.

«ҚЫЗЫЛЖАР» ОРТАЛЫҚ МЕШІТІ

«Қызылжар» облыстық орталық мешітінің алғашқы іргетасы 2001 жылы қаланған болатын. Мешіт құрылысын жүргізу үшін арнайы «Шапағат» қоғамдық қоры құрылды. Қорға түскен 46 млн. теңге тек іргетас салуға және жұмыскерлерге еңбекақы төлеуге жетті.

Мешіт құрылысының жұмысы тек 2004 жылы ғана қыза түсті. Елбасы Н.Назарбаев Сауд Араб Корольдігіне іссапармен барғанда Ресеймен шекарада орналасқан Қызылжар қаласы үшін мешіт салудың саяси мәнін Сауд Арабы елінің Королінің тақ мұрагері ханзада Сұлтан бин Абдел Азизге айтқан. Өтінішті дұрыс түсінген Король қайырымдылық көмек жасап, 2 млн АҚШ доллары мөлшерінде қаржыны мешіт құрылысына өзінің жеке қаражатынан бөлді.

Мешіт құрылысына жалпы 3 млн АҚШ доллары түсті. Елбасы Н.С.Назарбаев және облыс әкімі қосымша қажетті қаржы бөлді.

Мешіттің жобасын «Севгражданпроект» ЖШС және УНЭП АСПОС жасады да, осы жобамен республикалық «Құлагер» құрылыс корпорациясының президенті Т.Ж. Егінбаев, облыстық филиалы директоры Б. С. Нұрғожаев құрылысты жүргізді.

Сөйтіп, мешіт 2005 жылдың 27 қарашасында салтанатты түрде ашылды. Мешіттің салтанатты ашылуына Шымкент және Ақмола облыстары шіркеулерінің архиепископы Элеферий, Ресейден Азиялық бөлігі мұсылмандарының төрағасының орынбасары Әнуар қажы Жүнісов, ҚМДБ – ның Ақмола облысы бойынша өкіл имамы Рахметолла қажы Байменов қатысты.

Мешіт үш қабаттан тұрады: 1-ші қабатта қызмет бөлмелері: бас имам, наиб имамдар және есепші кабинеттері, неке залы, мешіт асхана, әжетханалар, таһарат бөлмелері, киім шешетін бөлмелер, автогараж және холл орналасқан.

2-ші қабатта ерлердің намаз оқитын залы, михраб, минбар бар. Екінші қабаттың қабырғаларында, михрабтың айналасында «П» әрпі тәрізді формада және күмбездің үлкен, кіші шеңберлерінде Құран аяттары жазылған.

Күмбезде 12 терезе орнатылған, терезелер саны бір жылдағы айға сәйкес келеді.

Залдың дәл ортасында таза хрусталдан жасалған құны 5 млн. теңге тұратын салмағы 800 кг болатын Египет пен Чехия елдері бірлесіп жасалған люстра орнатылған. Люстраның диаметрі 5 метр, биіктігі 3,5 метр.

3 –ші қабатта әйелдердің намаз оқитын залы, оқу бөлмесі, намаз үйренушілер бөлмесі және кітапхана орналасқан.

Екі қабатта да намаз оқитын залда «Алматы» кілем фабрикасы арнайы дайындаған жоба бойынша 750 жайнамаз орналасқан кілем төселген, қажет жағдайда 1000 адамға дейін бір мезгілде намаз оқуға болады. Бесін намаздарына 20-40 намазхан, ал жұма намаздарына 500-600 адам қатысады.

Мешіттің төбесінде биіктігі 42 метр болатын қос мұнара және 4 кіші мұнара бар. Мешітке сән беріп тұрған күмбездің биіктігі 32 метр.

Мешіттің сыртқа қабырғалары және алаңы жарықтандырылған, аулада гүлдер егіліп безендірілген, жазғы күндері демалуы үшін гүлзарлар жасалып, орындықтар қойылған. Мешіт орамында дүкен орналасқан.

Мешіттің түнгі сыртқы көрінісі қала тұрғындарының қатты қызықтырғандықтан, дем алушы қала тұрғындары мешіт маңайына саяхат жасауды дәстүрге айналдырған.

Мешіттің жалпы аумағы 3700 шаршы метр де, пайдалы аумағы 1230 шаршы метр.

1930 – 1937 жылдары «халық жауы» деп танылып, атылған дін қызметкерлерінің тізімі

1930 – 1937 жылдар аралығында көптеген дін қызметкерлері «халық жауы» деп аталып, сотталып кетті. Олар:

1. Абрашитов Мұхаметхафиз 1872 жылы туған, 65 жаста ұлты татар, діни білімді, имам. СҚО, Петропавл қаласында Мирзоян көшесі, 15 үйде туған, тұрған жері – СҚО, Петропавл қаласы, Мирзоян көшесі, 15 үй. СҚО УНКВД-ның үштігі 04.12.37 жылы 58-10; 58-11 баптарымен соттаған, СҚО прокуратурасы 04.12.89 жылы ақтаған.

2. Абдулзалилов Мухамед – Саид 1868 ж. туған, 69 жаста, ұлты татар, діни білімді, молда, туған жері: СҚО, Петропавл қаласы, СҚО УНКВД – ның үштігі 04.12.37 жылы 58-10;58-11 баптарымен соттаған, СҚО прокуратурасы 04.12.89 жылы ақтаған.

3. Абжанов Махмет 1878 жылы туған, 59 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, молда, туған жері: СҚО, Приишим ауданы, Орнек ауылы, тұрған жері: СҚО, Есіл ауданы, Жекекөл ауылы. СҚО уНКВД – ның үштігі 04.11.37 жылы; 58-10; баптарымен соттаған, СҚО прокуратурасы 28.03.89 жылы ақтаған.

4. Абжанов Сапар 1898 жылы туған, 39 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, молда, туған жері: СҚО, Есіл ауданы, Жекекөл колхозы, тұрған жері: СҚО, Есіл ауданы, Жекекөл ауылы. СҚО УНКВД- ның үштігі 14.11.37 жылы 58-10 баптарымен соттаған, СҚО прокуратурасы 28.03.89 жылы ақтаған.

5. Ағатаев Қошмағанбет 1882 жылы туған, 55 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, молда, туған жері: СҚО, Преснов ауданы, Суаткөл селосы. СҚО УНКВД –ның үштігі 10.09.37 жылы 58-10 баптарымен соттаған, СҚО прокуратурасы 07.04.89 жылы ақтаған.

6. Агисов Мағди 1880 жылы туған, 57 жаста, ұлты қазақ, білімі діни, молда, туған жері: СҚО, Қызыләскер ауданы, Қаратомар

поселкесі, тұрған жері: СҚО, Петропавл қаласы. СҚО УНКВД –ның үштігі 20.10.37 жылы 58-11 баптарымен соттаған, Ақмола облыстық соты 13.10.58 жылы ақтаған.

7. Айтқожин Қалиасқар 1882 жылы туған, 55 жаста, ұлты қазақ, білімі діни, молда, туған жері: СҚО, Еңбекшілдер ауданы, Мұрынтап колхозы, тұрған жері: СҚО, Зеренді ауданы, Степняк қаласы. СҚО, УНКВД –ның үштігі 19.09.37 жылы 58-10; 58-11 баптарымен соттаған, Көкшетау облыстық соты 26.06.89 жылы ақтаған.

8. Амренов Мажит 1881 жылы туған, 56 жаста, ұлты қазақ, білімі діни, молда, туған жері: СҚО, Бейнетқор ауданы, Наурыз ауылы, тұрған жері: СҚО, Бейнетқор ауданы, Наурыз ауылы. СҚО, УНКВД-ның үштігі 13.10.37;58-10 баптарымен соттаған, СҚО прокуратурасы 26.06.89 жылы ақтаған.

9. Бегішев Мұхаметжан Назмутдинович 1867 жылы туған, 70 жаста, ұлты татар, білімі жоғары діни, имамдық, туған жері: Тамбов губерниясы, Азеево деревнясы; тұрған жері: СҚО, Петропавл қаласы. СҚО УНКВД –ның үштігі 04.12.37 жылы 58-10; 58-11 баптарымен соттаған. СҚО прокуратурасы 04.12.89 жылы ақтаған.

10. Бикбаев Хафиз 1868 жылы туған, 69 жаста, ұлты татар, білімі діни, имам; туған жері Пенза губерниясы, Старый Аллагурск ауылы, тұрған жері: СҚО, Петропавл қаласы. СҚО УНКВД –ның үштігі 04.12.37 жылы 58-10; 58-11 баптарымен соттаған. СҚО прокуратурасы 04.12.89 жылы ақтаған.

11. Бокаев Қабдолла 1878 жылы туған, 57 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, молда, туған жері: СҚО, Спасск ауылдық кеңесі, Тауағаш ауылы, тұрған жері сол жерде. СҚО УНКВД –ның үштігі 05.09.37 жылы 58-10 баптарымен соттаған. СҚО прокуратурасы 17.08.89 жылы ақтаған.

12. Жақыпов Қасен 1875 жылы туған, 63 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, молда туған жері: СҚО, Төнкеріс ауданы, Ақсу

ауылы, тұрған жері: СҚО, Сергеев ауданы, Торанғұл селосында Аудандық УНКВД-ның үштігі 11.11.37 жылы 58-1а2,7,11 баптарымен соттаған СО УКГБ СҚО бойынша 05.11.57 жылы ақтаған.

13. Жоланов Мағжан 1878 жылы туған, 60 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, молда, туған жері: СҚО, Төңкеріс ауданы, Теренсай ауылы; тұрған жері: СҚО, Сергеев ауданы, Теренсай ауылы. Аудандық УНКВД – ның үштігі 11.11.38 жылы 58-1а2,7,11 баптарымен соттаған СО УКГБ СҚО бойынша 05.11.57 жылы ақтаған.

14. Қалымбаев Қасен 1876 жылы туған, 61 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, молда, туған жері: СҚО, Ленин ауданы, Бұлақ ауылы, туған жері: СҚО, Есіл ауданы, Бұлақ ауылы. УНКВД – ның үштігі 02.12.37 жылы 58-11 баптарымен соттаған. КСРО Жоғарғы сотының Президиумы 16.01.89 жылы ақтаған.

15. Кеңшуақов Кенжасар 1890 жылы туған, 47 жаста, ұлты қазақ, білімі діни, туған жері: СҚО, Бейнетқор ауданы, Қара – Сүйіндік ауылы, туған жері: СҚО, Совет пуданы. СҚО УНКВД – ның үштігі 05.12.37 жылы 58-10 баптарымен соттаған. СҚО облсот 20.09.63 жылы ақтаған.

16. Мұстафин Нұрғали 1888 жылы туыған, 49 жаста, ұлты қазақ, білімі діни, молда, азаншы, туған жері: СҚО, Көкшетау ауданы, ауыл № 10, тұрған жері: СҚО, Петропавл қаласы. СҚО УНКВД – ның үштігі 19.03.37 жылы 58-10; 58-11 баптарымен соттаған. Көкшетау облсоты 30.11.60 жылы ақтаған.

17. Нұрғожин Қазихан 1874 жылы туған, 63 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, молда, туған жері: СҚО, Төңкеріс ауданы, Берді ауылы, тұрған жері: СҚО, Сергеев ауданы, «Кеңес» колхозы. УНКВД – ның үштігі 28.08.37 жылы 58-10 баптарымен соттаған. СҚО облсоты 06.11.63 жылы ақтаған.

18. Салықов Ишмухамет 1855 жылы туған, 82 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, молда, туған жері: СҚО, Булаев

ауданы, Ворошилов ауылы, тұрған жері: СҚО, Булаев ауданы, «Стаханов» колхозы УНКВД – ның үштігі 09.10.37 жылы 58-10; 58-11 баптарымен соттаған. СҚО прокуратурасы 31.03.89 жылы ақтаған.

19. Төрежанов Сейітқожа 1873 жылы туған, 64 жаста, ұлты қазақ, білімі діни, молда, туған жері: СҚО, Сталин ауданы, № 1 ауыл, тұрған жері: Омбы облысы, № 5 ауылы. УНКВД – ның үштігі 20.10.37 жылы 58-10 баптарымен соттаған. Ақмола облысының соты 12.10.58 жылы ақтаған.

20. Төлемісов Қасен 1872 жылы туған, 66 жаста, ұлты қазақ, білімі бастауыш, имам, туған жері: СҚО, Петропавл қаласы. СҚО облсоты 24.11.60 жылы ақтаған.

21. Халитов Хасан 1886 жылы туған, 51 жаста, ұлты татар, білімі діни, имам, туған жері: СҚО, Мамлют қаласы, тұрған жері: СҚО, Петропавл қаласы. СҚО УНКВД – ның үштігі 19.03.37 жылы 58-10; 58-11 баптарымен соттаған. Көкшетау облсоты 30.11.60 жылы ақтаған.

22. Саматаев Абайдолла 1882 жылы туған, 55 жаста, ұлты қазақ, діни білімді, молда, туған жері: СҚО, Преснов ауданы, Молалы ауылы, тұрған жері: сол ауыл. Соттаған СҚО УНКВД-ның үштігі 26.11.37 жылы 58-10 баптарымен соттаған. Облпрокуратурасы 14.04.89 жылы ақтаған.

1930-1937 жылдары сотталған дін қызметкерлерінің тізімі

№	Аты – жөні	Туған жылы	Ұлты	Білімі	Қызметі	Туған жері
1	Абдрахнев Кәкім	1877	Қазақ	Бастауыш	молда	СҚО, Есіл аудан, Ақтас ауылы
2	Баймұқатов Сапар	1880	қазақ	Бастауыш	молда	СҚО, Есіл ауданы, Жарғайың ауылы
3	Бектасов Ысқақ	1881	қазақ	Діни білім	имам	Павлодар обл, Каганович ауданы, №7 ауыл
4	Гимадетдинов Ахтям Искендинович	1881	татар	Діни білім	азаншы	Татарстан, Балтасин ауданы, Шенекер деревнясы
5	Жұбанышев Омар	1873	қазақ	Бастауыш	молда	СҚО Преснов ауданы, Өтендауыш ауылы
6	Кунтуаров Қазбек	1877	қазақ	Бастауыш	молда	СҚО Преснов ауданы, Молалы ауылы
7	Мәмбетов Айди	1888	қазақ	Бастауыш	молда	СҚО, Есіл ауданы, Идилка село
8	Нұғманов Уәсим	1877	қазақ	Бастауыш	молда	СҚО, Төңкеріс ауданы, Теренсай ауылы
9	Созыноаев Маекс	1881	қазақ	Бастауыш	молда	СҚО, есіл ауданы, Алка ауылы
10	Сыздықов Құсайын	1881	қазақ	Бастауыш	молда	СҚО, Есіл ауданы, Кіндікті ауылы
11	Темірбеков Әбжан	1869	қазақ	Бастауыш	молда	СҚО, Шал акын ауданы, Қуандық ауылы
12	Тілеуберденов Серғали	1897	қазақ	Бастауыш	молда	СҚО, Есіл ауданы

Ойқаладағы мешіт хақында Ойдан шығармай, ақиқатқа жүгінейік

Бұл мақаланы жазуыма кейбір республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының үстіміздегі жылғы ақпан айының соңындағы Қызылжар қаласындағы XVIII ғасырда салынған мешіт сауанаға айналдырылды деген сарындағы жарияланымдары себепші болып отыр. Өкінішке қарай, зерттемей, асығыстыққа салынғанға ұқсайды. Оған мәселенің мән-жайын анықтағанда көз жеткіздім.

Журналистер Қызылжар қаласының ой жағындағы екі ғасырдан астам тарихы бар мешіт мемлекеттің қарауынсыз қалған, бүгінде ол Аллаға құлшылық жасайтын орын емес, сауда қызметін атқарып тұр депті. Қызылжардың Ойқала деп аталатын аумағында орналасқан осы ғимараттың тарихына көз жүгірту, қазіргі жағдайын білу мақсатында қасыма осы шаһардың байырғы тұрғындарын ертіп, әдейілеп бардым. Жарияланымдарда бұл ғимарат 1795 жылы салынған делінген дерек келтіріледі. Алайда, қолдан-қолға ауысып, өртке оранып, қабырғалары құлап қалған ғимарат орнына бертін бір кәсіпкердің автокөлікке қызмет көрсету стансасын тұрғызғаны анықталды. Оның үстіне бұл ғимарат облыстық мәдениет басқармасында тарихи-мәдени ескерткіш ретінде тіркелмеген. Ал бұл ғимараттың мешіт болу тарихы мынадай: кеңес өкіметі тұсында Қызылжардың Карл Маркс (қазіргі Абай) көшесінің бойында жалғыз мешіт болыпты. Мұнарасы мен ағаштан салынған ғимаратының бояуына байланысты оны халық көк мешіт деп атап кеткен. Қаланың бас жоспарына сәйкес осы жерде бес қабатты үй салынатын болғандықтан, мешіт бұзылып тасталады. Бірақ жаңа мешіт салуға немесе ескісін бұзып, қайта тұрғызуға қаланың ортасынан жер берілмейді. Сол кездегі Мұхаметжан молда қала басшылығының соңынан қалмай сұрап жүріп, әйтеуір, Қызылжардың шеткері аумағы болып саналатын Бензострой ықшам ауданынан жер алып, халықтан қаражат жинап, 1978 жылы мешіт салдырады. Бірақ бұл намазхандарға ыңғайсыздық туғызады. Өйткені, сол кезде автобус қатынасы нашар еді.

Осыдан кейін ақсақалдар қала, облыс басшылығынан орталықтан мешітке лайықты бір ғимарат тауып беруді сұрайды.

Бұл көптеген мекемелер, кәсіпорындар жабылып жатқан, өткен ғасырдың 90-шы жылдары еді. Қызылжардағы «Севказглавнаб» филиалының сауда мекемесі де сондай хал кешіп жатқан. Қаланың инфрааумағында төрт базасы бар, еліміздің солтүстік аймағындағы бос облысты металмен, құрылыс материалдарымен, жұмысшы кадрларымен, тұрмыстық техникамен қамтамасыз ететін мекеменің қоймалары босай бастаған болатын. Осы сәтте қала басшылығы мекеменің Ойқаладағы базасын босатып, мешітке берген. Тағы да сондықтан қаражат жиналып, қойма мешітке айналдырылған.

Бірақ намазхандардың қуанышы ұзаққа созылмаған. Осы ғимарат сыртында орналасқан балық зауытының түтіні, қалқан балықтың иісі адамдардың денсаулығына әсер ете бастаған. Сондықтан олар қала басшылығынан Жамбыл көшесінің бойындағы спорт мектебі орналасқан, бұрын мешіт болған ғимаратты босатып беруді талап етеді. Бұл өтініш те қанағаттандырылып, мешіт қала орталығына көшіріледі. Ол – кәсіргі «Нұр» қалалық мешіті.

Сөйтіп, Ойқаладағы бар-жоғы жарты жылдай ғана мешіт орналасқан қойма иесіз қалады. Кеңес өкіметі құлап, еліміз егемендік алған алғашқы жылдары қалада осындай бос қалған ғимараттар аз болған жоқ. Оларды әркім бұзып, тактайларын, мұршиптерін, әйтеуір осы қажетке жарайды-ау деген заттарын сатып әкетіп жатқан шақта бұл ғимаратты өрт шалса керек. Кәсіпкер Шагмар Сафарян 2001 жылы сатып алғанда бұл ғимараттың сау-тамтығы болмаған.

Жарияланымдарда «қақаған қыс пен ылғалды ауа әсерінен іргесасы ешбір бұзылмай, қабырғаларының темір-бетонға дес бермейтін қаттылығы таңғалдырады» делінген. Кәсіпкердің аңғуынша, қабырғалардың мүжіліп түскен кірпіштерінің қиындарын әзер дегенде бітеп, күйіп кеткен төбесін жабуға қыруар материал жұмсалған. Ғимараттың түгелдей қайта қалпына келтірілгені көрініп-ақ тұр.

Атүсті сұхбат кезінде қала тұрғыны Қанат Қасымов айтпаса да аузына салынған: «Алланың жердегі үйі жынойнақ саунаға айналды» деген сөздің де шындыққа жатпайтынына көзім жетті.

Өйткені, осындағы мешіт ғимаратына жапсарлай бір мезгілде төрт адам ғана шомыла алатын моншаны «Севказглавнаб» месемесі өз жұмысшыларына салдырған.

Одан жоғары қабатта қонақүйге арналған екі бөлме бар. Монша мен қонақүйдің тарлығына, жұпынылығына қарағанда оны жынойнақ жасайтын орын деп айту қиын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқандай, тазалық – иманның жартысы емес пе?! Оның үстіне бұл монша мешіт ғимаратынан тыс жерде орналасқан.

Аз ғана уақыт мешіт болған ғимаратқа қазір жеңіл автокөліктерге техникалық қызмет көрсететін станса орналасқан. Оның қарсысындағы, яғни бұрын гараж болған ғимаратта автокөлік жуатын орын, асхана ашылған. Сонда барлық ғимарат халыққа қызмет істеп тұр. Жарияланымда «оның қазіргі иесі тарихи ескерткіштің мән-мағынасына үнілместен, ғимаратты бұзып тастауы мүмкін» делінген. Бұл орайда:

Мен христиан дініндемін. Бірақ исламды да құрметтеймін. Қазақстанда тұрып, еңбек етіп жатқандықтан қазақ, басқа да ұлттардан достарым көп. Бұл ғимараттардың бұрын қандай қызмет атқарғанын енді ғана біліп отырмын. Бұл қасиетті жер екен ғой өзі. Кәсібімнің оң жолға түсе бастағаны содан да болар. Мен бұл кешенді «Шен» деп атадым. Ол армянша көркею деген мағынаны білдіреді. Сондықтан мен бұл орынды қолымнан келгенше гүлдендіре түсемін, - дейді кәсіпкер Шагмар Сафарян.

Осы кешен аясында ол асхана, автокөлік жуатын, жөндейтін орындар, шағын болса да қонақүй мен монша ұстап, отыздан адам еңбекпен қамтып отыр.

Сондай-ақ жарияланым авторларды қала ортасындағы С.Киров атындағы зауыт аумағындағы ескі мешіт үйінің қанырап бос тұрғанын айтады. Бұл орайда біз зауыт директорының орынбасары Виталий Бескоровайныймен әңгімелескенімізде ол ғимараттың қазір қойма ретінде пайдаланылып отырғанын айтты.

Виталий Михайлович бұл ғимараттың тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілмегеніне қарамастан, оны күрделі жөндеуден өткізіп, зауыт мұражайы ететін ниеттері бар екенін білдірді.

Міне, осындай зерттеуімнің нәтижесі республикалық БАҚ жарияланымдары авторларының не кәсіпкермен, не зауыт басшылығымен өзі көтеріп отырған мәселе жөнінде хабарласушына көзім жетті. Оның үстіне журналистер Қазақстан Республикасының өткен жылғы қазан айында қабылдаған «Діни мемлекет және діни бірлестіктер туралы». Заңында «мемлекет дін мен діни бірлестіктерде бөлінген» делінген бапты оқымағанға ұқсайды. Әйтпесе, мақалада «мешіттерді мемлекет қамқорлығына алмаған» деп жазбас еді. Бұл туралы осы іспен тікелей айналысып отырған маған да жолыққан жоқ.

Аллаға шүкір, еліміз егемендік алып, дінімізге, ділімізге, тілімізге еркіндік берілгелі басқа діндермен бірге ислам діні де дамып, қалалар мен елді мекендерде мешіттер мен намазханалар салынып барған сайын артып келеді. Қазір облыста 96 мешіт пен намазхана тұрақты жұмыс істеп тұр. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көмегімен Сауд Арабиясы корольдігінің тақ мұрагері Ханзада Сұлтан бен Абделаиз берген қаражатқа Қызылжар қаласының орталығында салынған әсем мешіт 2005 жылы пайдалануға берілді. Қазір облыс орталығында төрт мешіт бар. Оның ішінде мұсылмандары қырық мыңға ғана жуық қала үшін осы мешіттер аз емес. Соған қарамастан, намазхандарға ыңғайлы болуы үшін қазақтар көп шоғырланған он тоғызыншы және жиырмамыншы ықшам аудандарда, Жұмысшы көшесінде мешіт салу үшін жер телімдері алынып жатыр.

Жарияланымдарда Қызылжар қаласы бойынша мемлекет қорнауына алынған 103 тарихи-мәдени нысан бар екені айтылған. Соғардың бірі – «Қызылжар» қалалық мешітінің меншігіне берілген көпес Янгузаровтың үйі. Қысқаша түсіндіре кетсек, саудагер Янгузаров Санкт-Петербургтағы бір дворянның қызына танып қалады. Ол қыз саудагерге егер Қызылжарда өзі тұратындай үй салса ғана тұрмысқа шығатынын айтып, талап қойса керек.

Янгузаров пұлын аямай, ондай үйді салса да қыз айтқанынан танып кетеді. Сондықтан бұл үйді халық «қалыңдық үйі» деп атап кеткен. XVII ғасырда салынған осы үй қазір күрделі қондусуді қажет етіп тұр. Тарихи-мәдени ескерткішке жататын бұл ғимаратты қалыпқа келтіруге, міне, бірнеше жылдан бері Мәдениет министрлігі қаржы бөле алмай келеді.

Сайып келгенде, Ойқаладағы 1795 жылы салынды деген мешіттің қазір нұсқасы да жоқ, оның орнында кәсіпкер тұрғызған автокөлікке қызмет көрсететін станса жұмыс істеуде. Ал С.Киров атындағы зауыт ауласындағы ескі мешіттің бұрынғы ғимараты қайта құрылып, мұражай жасалатынын жоғарыда айттық.

Яғни, бұл екі ғимараттың да қазіргі таңда тарихи-мәдени ескерткішке жатқызарлықтай құндылығы жоқ.

Қасымхан қажы Исаев, ҚМДБ-ның СҚО бойынша өкіл имамы, «Қызылжар» орталық мешітінің бас имамы.

“Солтүстік Қазақстан” газеті, 2012 ж.

Секретно

В Совет по делам религиозных культов
при Совете Министров СССР

Москва. пер. Островского, 10

Копия: Уполномоченному Совету по делам религиозных
